Бекітемін_______________
«Mir» мектепке дейін балаларды
Дамыту орталығының
Меңгерушісі:Едигина Ж.О

# 2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

## «Самұрық» ересек тобы

## Желтоқсан айы

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**
**Желтоқсан айы 2025 жыл 1 апта**

**Желтоқсан-Бірлік және ынтымақ айы.**

- Отбасында, балабақшада қауіпсіз мінез-құлық нормаларын білу
- Басқа балалармен сөйлесуге және олармен ортақ тіл табуға дайын болу
- Ойы мен сезімдерін білдіре алу қабілетінің болуы

**«Бірлігі күшті ел озады**

Топ: «Самұрық» ересек топ
Тәрбиешісі:Рахатова А.Б

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 01.12.2025ж | Сейсенбі 02.12.2025 ж | Сәрсенбі 03.12.2025ж | Бейсенбі 04.12.2025ж | Жұма 05.12.2025ж |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды жақсы көңіл – күймен қабылдап, бүгінгі көңіл-күйлерін сұрау.<br>Қарым-қатынас шеңбері<br>«Күніміз сәтті болсын»<br>«Қайырлы таң»<br>«Сіздерді көргеніме қуаныштымын»<br>Міндеттері: қарым - қатынас дағдысын жетілдіру.<br>**Тіл дамыту - Коммуникативтік дағды.**<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру- Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру**<br>**Өнегелі-15 минут**<br>**Қанатты сөздер**<br>«Өзін тәрбиелей алмаған өзгеге өнеге көрсете алмайды».<br>Өзінің іс-әрекетіне басқалар пікірін білдірген жағдайда ол пікірді дұрыс қабылдауға үйрету.<br>**«Бірлігі күшті ел озады»**-Мақалды жаттау,мағынасын түсіну<br>**«Адал азамат»біртұтас тәрбие бағдарламасы.**<br>**Күй күмбірі « Алатау» күйі**<br>Табиғат бұрышында еңбек. Еңбек тапсырмасы:Гүлдердің шаңын сүрту. Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар, жаңбыр жауды, жел соқты), соған сәйкес киіну<br>**Сөйлеуді дамыту, коммуникативтік дағды**<br>**Өнегелі-15 минут** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | **Ата-аналарға кеңес.** Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие берудің бастапқы кезеңінде балаларға:<br>- ата-анадан қажет емес нәрсені сатып алуды сұрамауын;<br>- әлі де пайдалануға болатын заттарды қоқысқа тастамауын, қажет емес, бірақ «жақсы заттарды» мұқтаж достарына беруін немесе қайырымдылық қорына тапсыруды;<br>- көптеген өнімдер мен заттардың ішінен - пайдалы, табиғи қабығы бар заттарды таңдауды үйрету<br>**Экологиялық тәрбие жөнінде кеңес беру.Қауіпсіздік ережесі.** | | | | |

*Бекітемін____________________*
*«Mir» мектепке дейінгі балалрды*
*Дамыту орталығының*
*Меңгерушісі:Едигина Ж.О*

# 2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

## «Самұрық» ересек тобы

## Желтоқсан айы

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Желтоқсан айы 2025 жыл 1 апта**

**Желтоқсан-Бірлік және ынтымақ айы.**

- Отбасында, балабақшада қауіпсіз мінез-құлық нормаларын білу
- Басқа балалармен сөйлесуге және олармен ортақ тіл табуға дайын болу
- Ойы мен сезімдерін білдіре алу қабілетінің болуы

**«Бірлігі күшті ел озады**

Топ: «Самұрық» ересек топ

Тәрбиешісі:Рахатова А.Б

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 01.12.2025ж | Сейсенбі 02.12.2025 ж | Сәрсенбі 03.12.2025ж | Бейсенбі 04.12.2025ж | Жұма 05.12.2025ж |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды жақсы көңіл – күймен қабылдап, бүгінгі көңіл-күйлерін сұрау.<br>Қарым-қатынас шеңбері<br>«Күніміз сәтті болсын»<br>«Қайырлы таң»<br>«Сіздерді көргеніме қуаныштымын»<br>Міндеттері: қарым - қатынас дағдысын жетілдіру.<br>**Тіл дамыту - Коммуникативтік дағды.**<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру- Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру**<br>**Өнегелі-15 минут**<br>**Қанатты сөздер**<br>«Өзін тәрбиелей алмаған өзгеге өнеге көрсете алмайды».<br>Өзінің іс-әрекетіне басқалар пікірін білдірген жағдайда ол пікірді дұрыс қабылдауға үйрету.<br>**«Бірлігі күшті ел озады»**-Мақалды жаттау,мағынасын түсіну<br>**«Адал азамат»біртұтас тәрбие бағдарламасы.**<br>**Күй күмбірі « Алатау» күйі**<br>Табиғат бұрышында еңбек. Еңбек тапсырмасы:Гүлдердің шаңын сүрту. Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар, жаңбыр жауды, жел соқты), соған сәйкес киіну<br>**Сөйлеуді дамыту, коммуникативтік дағды**<br>**Өнегелі-15 минут** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | **Ата-аналарға кеңес.** Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие берудің бастапқы кезеңінде балаларға:<br>- ата-анадан қажет емес нәрсені сатып алуды сұрамауын;<br>- әлі де пайдалануға болатын заттарды қоқысқа тастамауын, қажет емес, бірақ «жақсы заттарды» мұқтаж достарына беруін немесе қайырымдылық қорына тапсыруды;<br>- көптеген өнімдер мен заттардың ішінен - пайдалы, табиғи қабығы бар заттарды таңдауды үйрету<br>**Экологиялық тәрбие жөнінде кеңес беру.Қауіпсіздік ережесі.** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары** | «Сандықша»<br>Мақсаты:_ақша жинайтын сандықшалармен (копилкалармен) таныстыру<br>**Барысы:**<br>Тәрбиеші балаларға қағаздан жасалған теңгелерді көрсетіп,оны бір-бірден сандықшаға салуларын өтінеді. Барлық бала салып болған соң,балалар сандықшада теңгенің көбейгеніне көз жеткізеді.Ұсыныс:үйде ата-аналарымен ақылдаса отырып,теңге жинауға ұсыныс жасалады<br>**Қаржылық сауаттылық** | «Мақтау сөздер айту»<br>Ойынның мақсаты: достық қарым-қатынасқа, әр адамның жақсы қасиетін көре білуге тәрбиелеу.<br>**Барысы:**<br>Қатысушылар шеңбер құрып отырады, ал бір бала шеңбердің ортасына отырады. Балалар оның мінез-құлқындағы жағымды қасиеттерін, қабілетін, сыртқы келбетінің тартымдылығын айтып, мақтайды.<br><br>**Адалдық әліппесі** | **Сюжеттік - рөлді ойын: «Көше»**<br>Мақсаты:Балаларға бағдаршамның атқаратын жұмысын, автобусқа міну, көшеден өту ережелерін үйрету.<br>**Барысы**:Ойын атрибуттарын жасау, реттеушіні, жаяуларды, жүргізушілердің рөлін ойнауды үйрету.<br>**Атрибуттар:** түрлі көліктер, коляскалар, велосипедтер, бағдаршам, белгілер, реттеушінің жұмыс киімі, жаяуларға арналған белгілер, жаяулар, жүргізушінің куәлігі,реттеушінің таяғы.<br>Қатысушылар: полиция-реттеушісі, МАИ инспекторы, жүргізушілер, жаяулар<br>**Ерте кәсіптік бағыт беру.** | «Кім қандай үйде тұрады?»<br>Мақсаты:тұрғын үйге құқық, сондай-ақ оның меншігі туралы түсінік беру<br>**Барысы:**Педагог жануардың немесе жәндіктің атын атап, әр балаға доп лақтырады, ал тәрбиленуші оның мекендейтін орнын айтуы керек (мысалы, ара - ара ұясы (омарта), аю – апан және тышқан-ін,құмырсқа –илеу, т.б.).<br><br>**Құқықтық сауаттылық** | «Асау көк».<br>Кешкі астан кейін мейманға ән салғызу, әңгіме-ертегі, жұмбақ, немесе жаңылтпаш айтқызу мақсатында ұйымдастырылған ойын.<br>**Мақсаты**:әр баланың өнерін көру.<br>Әуелі үй иелері «ауылдың алты ауызын» айтады да, онан соң «қонақ кәдесі» деп мейманның өнер көрсетуін сұрайды.Түк білмейтін қонақты айып ретінде мінгізетін керме арқан «Асау көк» деп аталады.Кермеге мінген қонақ әрі-бері сүрінбей жүруі керек<br>**«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»**<br>**«Адал азамат»біртұтас тәрбие бағдарламасы** |
| **Ертеңгілік жаттығу** | «Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату,бірге орындау,жаттату<br>**Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту Жаттығу :доппен**<br>1. Б.қ.-қолды санға қойып, аяқты еденге тіреп, денені түзу ұстап доптың үстіне отыру.1-басты оң иыққа ию; 2-б.қ.;3-басты сол иыққа ию;4-б.қ. келу-6-8 рет<br>**2.** Б.қ.-қолды белге, аяқты еденге қойып, денені түзу ұстап доптың үстіне отыру.1-денені оң жаққа ию; 2-б.қ.; 3- денені сол жаққа ию;4-б.қ. келу.-6-8 рет<br>**3.** Б.қ.-еденге табан және алақанмен тіреліп, доптың үстінде ішпен жату.1-аяқты түзу көтеру;2-б.қ. келу.-6-8 рет<br>**4.** Б.қ.-доптың құлағынан ұстап, үстінде отыру.1-аяқты созып, өкшені еденге тигізу; 2-аяқты доптың жанына қою; 3-аяқты негұрлым доптың артына қарай созып, еденге аяқтың ұшын тигізу; 4-б.қ. келу-6-8 рет<br>**5.** Б.қ.-доптың құлағынан ұстап, үстінде отыру.1-аяқты созып, өкшені еденге тигізу; 2-аяқты доптың жанына қою; 3-аяқты негұрлым доптың артына қарай созып, еденге аяқтың ұшын тигізу; 4-б.қ. келу.-6-8 рет<br>**6.** Б.қ.-аяқты еденге қойып, қолмен доп құлағынан ұстап, доптың үстінде отырып, жеңіл секіру-6-8 рет<br>7.Тыныс алу жаттығулары | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Дене белсенділігі (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының қанық болуының пайдасы туралы түсінікті кеңейту<br>**Салауатты өмір салтын қалыптастыру** | | | | |
| **Таңғы ас** | Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.**<br>Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету<br>Балаларды кезекшілікке жауапкершілікпен карауға,үлкендерге көмектесуге баулу;<br>Адамның денсаулығы дұрыс тамақтануға байланысты екені туралы түсініктерді жетілдіру,таңғы асты тауысып жеудің пайдасы жөнінде айту.<br>Сүт өнімдері мен таңертең берілетін ботқа құнарлығы жайлы айту. Адамның денсаулығы дұрыс тамақтануға байланысты екені туралы түсініктерді жетілдіру<br>**Салауатты өмір салтын қалыптастыру**<br>Астарың дәмді болсын!<br>Астан кейін беті-қолын жуып, сүртінуге дағдыландыру, тазалыққа баулу<br>**Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну - табиғи ресурстарға ұқыпты карауды қалыптастыру (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**<br>Топта тазалық сақтауға, кезекшілік міндеттерін жауапкершілікпен атқаруға баулу<br>**Сөйлеуді дамыту Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті,**<br>**«Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру<br>Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері<br>**Ата ақылы**<br>Кім үлкенді тыңдаса Кім үлкенді сыйласа Үлкен болған кезінде Сыйлы болмақ өзі де. *Т.Бейсенбеков*-шағын өлеңді жаттау,мағынасын түсіну. | | | | |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | **Дене тәрбиесі**<br>Жоспары денешынықтыру нұсқаушысында | **Музыка**<br>Жоспары ән-күй маманында | **Дене тәрбиесі** Жоспары денешынықтыру нұсқаушысында | **Музыка**<br>Жоспары ән-күй маманында<br><br>**Қазақ тілі**<br>Жоспары қазақ тілі маманында | **Дене тәрбиесі** Жоспары денешынықтыру нұсқаушысында |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Кіріктірілген ҮІӘ | **Міндеті: Заттардың атауларымен таныстыру**<br>Балаларға күнделікті қолданылатын заттарды көрсету (ыдыс, киім, ойыншықтар) және олардың атауларын айту. "Бұл не?" сұрағына жауап беруді үйрету. Заттардың суреттерін қарап, олардың атауларын атау.<br>**Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет**<br>«Кеше не істедік?» балалардан кеше не істегендерін сұрау: "Кеше сендер қандай ойын ойнадыңдар? Не жасадыңдар?" Балалар өздерінің іс-әрекеттерін сипаттап, өткен күнді еске түсіреді. Осылайша балалардың «кеше» сөзімен байланысын нығайту.<br>**Математика негіздері** | **Міндеті: Мүсіндердің беттерін тегістеуді үйрету.**<br>Тегістеу әдісін үйрену Балаларға тегістеу құралы (түтікше немесе қолмен тегістеу әдісі) беріледі.<br>Олар жасаған пішіндердің беттерін тегістеуді үйренеді.<br>Тегіс бетке назар аудару үшін текшелерді тегістеу жұмысы Ұйымдастырылады<br>**Мүсінде у**<br>Шаршының бұрыштарын кию<br>Балаларға шаршы пішінін көрсетіп, оның бұрыштарын қалай дұрыс киюды үйрету. Олар шаршының төрт бұрышын айналдыра киюды жасайды. Қиылған бұрыштарды жапсыру үшін қолдануға болатынын түсіндіру.<br>**Жапсыру** | **Міндеті:Мүсіндердің беттерін тегістеуді үйрету. тегістеу және пішіндерді қосу**<br>Балалар тегістелген беттерге басқа бөліктер қосады (мысалы, шаршыны дөңгелекке қосу). Мүсіннің беті тегіс болғанша қосымша жұмыстар жасалады.<br>Мүсіндеу<br>Қиылған бөліктерді біріктіру<br>Балалар қиылған бөліктерден қарапайым пішіндер мен фигуралар жасауға тырысады. Оларды дұрыс орналастырып, Жапсырады<br>**Жапсыру** | **Міндеті: Материалдардың қасиеттерін зерттеу**<br>Қарапайым эксперименттер жүргізу<br>-Қатты және жұмсақ заттарды салыстыру (мысалы, ағаш пен мақта).Заттардың суда бататынын немесе батпайтынын тексеру (қағаз, металл)."Бұл тегіс, бұл дөрекі, бұл жеңіл, бұл ауыр" деген сөздерді қолдану. Бірдей заттарды түрлі материалдардан жасап, олардың қасиеттерін салыстыру (пластик және шыны стақан).<br>**Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет , экологиялық мәдениет дағдысын қалыптастыру** | **"Не неден жасалған?" Міндеті: Балалар заттың суретін көрсетіп, оны қандай материалдан жасалғанын айту керек**. "Сипап таны" ойыны: Балалар көзі байлаулы күйде затты ұстап, оның қандай материалдан жасалғанын айтуға тырысады.<br>**Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет**<br>«Кеше мен не жедім?»<br>Балаларға түрлі тағамдар (пластик немесе қағаздан жасалған) көрсетіледі.<br>"Кеше сендер не жедіңдер?" деп сұрап, балалар сол тағамдарды таңдайды. Әр бала өткен күндегі тамақтану әдеттері туралы айтады.<br>**Математика негіздері**<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру** |
| Серуенге дайындық | **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**<br>Қоршаған ортада, табиғатта тәртіп ережелерін білу; өз өмірінің қауіпсіздігін сақтау (бейтаныс адамдармен сөйлеспеу, ойнамау, бөтен машиналарға отырмау, бейтаныс адамдардың өтініштерін орындамау, олардың соңынан ермеу).<br>**Қауіпсіздік ережесі. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы**<br>Қоғамдық орындарда мінез-құлық ережелері туралы; үйдегі, балабақша тобындағы міндеттері туралы түсініктерін кеңейту<br>**Желтоқсан-Бірлік және ынтымақ айы.**<br>Серуен барысында және барлық іс-әрекет кезінде бір-біріне көмектесу,достық қолын созу керектігін ескерту.<br>Бірі-бірімен достық қарым –қатынас жасап,бірге ойнау,бір-бірін ренжітпеу керектігін ескерту | | | | |
| Серуен | **Аспанды бақылау**<br>Мақсаты:табиғаттың әдемілігін сезініп, «аспан» сөзімен таныстыру, | ***Желді бақылау***<br>Мақсаты:балаларды табиғат құбылыстары, желдің соғуын, желдің бағытын, | **Күнді бақылау**<br>Мақсаты: балаларға адамдар, жануарлар мен өсімдіктер әлемі үшін күннің маңызы зор екендігін ұғынд | **Су бетіне қатқан мұзды бақылау**<br>Мақсаты: Судың әр түрлі қасиетімен таныстыру, | **Қарды бақылау**<br>Мақсаты: Қоршаған ортаның әсемдігін сезіне білуге үйрету; қардың қасиетімен таныстыру. Терезеден жауып тұрған қарды бақылау. Қар ұлпаларына қарандаршы, олар әр түрлі пішінде |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, тілдерін дамыту.<br>Тәрбиеші балалардың назарын аспанға аударады. Аспанның түсі ашық, көгілдір екендігін, онда ақ бұлттар, қалқиды. Олардың пішіндері әр түрлі болады, бұлттарды жел қозғайды.<br>Жұмбақ: Бір түкті кілем<br>Бір түксіз кілем<br>(жер, аспан)<br>**Жеке жұмыс**<br>Мақал – мәтелдер:<br>Қарға қарқылдаса, қысты шақырады, Қаз қаңқылдаса, жазды шақырады.<br>Тақпақ «Аспанда»<br>Аспан бұлтқа толып кетті. Бұлттар түлік болып кетті. Бір бұлт шықты бие болып Бір бұлт шықты түйе болып<br>Қозғалмалы ойын.<br>«Ұшты-ұшты» Мақсаты: заттарды ажыратуға, аттарын есте ұстауға шапшандыққа зеректікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Еңбек әрекет: Жолдарды қардан тазарту. | жылдамдығын бақылауға ажырата білуге үйрету.<br>Тәрбиеші балалармен қай жақтан жел соғып тұрғаның бақылайды. Күндіз аспанда қалықтап бара жатқан бұлттарды бақылау, ағаш бұтақтарының қозғалысын бақылау.<br>Жұмбақ: Қанаты жоқ-ұшады Аяғы жоқ-қашады. (Жел) **Жеке жұмыс**<br>Тақпақ:<br>Жел тынымсыз гуілдеп<br>Болып кетті тым бұзық<br>Шуылдайды тал, терек,<br>Жапырағын жұлғызып.<br>Қозғалмалы ойын: «Жел мен бұлттар»<br>Еңбек: өсімдіктерді,көшеттерді қармен жабу.<br>Мақсаты: өсімдікке деген қамқорлыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу | ыру. Байқампаздық, бақылай білу қабілеттерін дамыту. Қыста күн қысқарады, жылуы аз болады, сондықтан қыста күн суық болатындығы туралы түсінік беру.<br>**Жеке жұмыс**<br>Жұмбақ:<br>Жұрттың бәрі соны сүйеді, Бірақ оған қарағысы келмейді. (Күн)<br>Болжамдар: Түнде ай жарқырап тұрса немесе аспанда жұлдыздар көп болса, ертең күн ашық,жылы болады.<br>Тақпақ:<br>Шұғылалы күніміз<br>Бақшамызға барамыз Күнге қарап жайқалып<br>Біз өсіп бармыз.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:**<br>«Түрлі-түсті автомобильдер» Еңбек: бұтақтардың түбін тазарту | табиғатта болатын өзгешеліктерді бақылай білуге үйрету, табиғатты аялауға тәрбиелеу, сөздік қорларын дамыту.<br>Тәрбиеші балалрдың назарын жердегі кішкентай көлшіктерге аударады, бетіне жұқа мөлдір мұз қатып қалған. Кейбір көлшіктерден күзден қалған жапырақтарды байқауға болады. Мұзды аяқ киімдеріңмен жарып көріңдер. (ол жұқа, тез сынады) Егер мұзды лақтырса, олар ұсақ бөліктерге бөлінеді. (мұз қатты). Егер мұзды қолға ұстасақ, ол еріп кетеді.<br>**Жеке жұмыс**<br>Жұмбақ: Отқа жанбас-суға батпас (мұз)<br>Болжам: егер қыста қар аз және күн суық болса, жаз құрғақ және ыстық болады.<br>Қозғалмалы ойын: «Түлкі мен қаздар»<br>Мақсаты: ептілікке, шапшандыққа үйрету.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:**<br>**«Қоян мен аңшы»**.<br>Еңбек: есік алдын сыпырушы ағайға көмек көрсету мұз жолдың үстіне құм себу. | біреуі үлкен кесек болса, тағы бірі орташа,кішкентай яғни қаршықтар әртүрлі пішінді екен. Қар бізге терезеден жылтырап көрінеді. Олардың әдемі пішінін тамашалаңдар.<br>**Жеке жұмыс**<br>Жұмбақ: Жылт-жылт етеді,<br>Ұстасақ еріп кетеді.(қар)<br>Болжам: көп қар- көп нан.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қоян мен аңшы».**<br>Еңбек: тәжірибе жасаған үстел үстін жинастыру. |

| | |
|---|---|
| **Серуеннен оралу** | Балабақша ауласында, жақын маңдағы шағын ауданда еркін бағдарлай білуге баулу,серуеннен оралу барысында саппен қол ұстасып,топ бөлмесіне бақшаның оң жақ немесе сол жағынан жүріп үйрету.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.**<br>Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау<br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары .**<br>Және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру.<br>Топқа келгенде айнаға қарау,шашын тарау,киімдерін ретке келтіру дағдысын қалыптастыру. Қажет болған жағдайда (терлеген,кір болған жағдайда) шкафтан киімдерін ауыстыру.<br>Балалардың бір-біріне көмектесуін мадақтап отыру. |
| **Түскі ас** | Асхана кезекшілері өз міндеттерін орындау.<br>2.Гигиеналық шаралардың дұрыс жүргізуін қадағалу.<br>3.Өз- өзіне дұрыс қызмет көрсету.Жеңін қайырып бойын түзу ұстап отыру.<br>Көркем сөз айту.<br>**«Таза қолдар»**<br>Сырттан келіп үнемі,<br>Сабынмен қол жуамыз,<br>Таза болды мұнтаздай,<br>Тағамға қол созамыз<br>Астарың дәмді болсын<br>Дұрыс тамақтану ережелері :<br>1.Тамақты асықпай шайнап жеу керек.<br>2.Асты мұқият ішу керек.<br>3 .Егер 10-12 сағат тамақ қабылдамаса ағза әлсірейді.<br>4.Тәулік бойы тамақтану тәртібін , мөлшерін сақтау қажет.<br>Бойымыз, ойымыз өсу үшін дұрыс тамақтану тәртібін сақтау қажетпіз.<br>**Сөйлеуді дамыту.**<br>Балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуте үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**<br>Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу.<br>Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау.<br>Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау.<br>Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту.<br>Балаларды үстел басында тамақты күтіп отыруға немесе тамақтанғаннан кейін үстел басында отыруға мәжбүрлеуге болмайды.<br>Балалар мынадай ережені білуі қажет: тамақ ішіп болғаннан кейін алғыс айту және басқалары тамақтанып болғанша ойнауына болады.<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** |
| **Күндізгі ұйқы** | Ұйқыға дайындықты баяу музыкамен бастауға болады, музыка ырғағымен балалар өздігінен шешінуді, жатын бөлмеге кіріп, кереуетке жатуды әдетке айналдырады. Баяу музыка белсенділікті және қозғыштықты төмендетуге, баланы тыныштандыруға әсер етеді.<br>Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру<br>Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды |

| | |
|---|---|
| | үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету.<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін баяу музыка тыңдау. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>«Бауырсақ » ертегісін оқып беру.<br>**Шығармашылық.Коммуникативті дағдыларды дамыту.** |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | **Біртіндеп ояту:** Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту.<br>Ұйқымызды ашайық,<br>Тұра ғой сен балақай.<br>Жаттығуды бастайық,<br>Сергітіп бір денені.<br>Оңға-солға мойынды,<br>Бұрайықшы біз былай<br>Одан кейін қолдарды,<br>Шапалақта алақай.<br>Аяқтар да қалмасын,<br>Велосипедше зырласын.<br>Қандай жақсы жаттығу,<br>Біз өсеміз осылай. *Мергенбаева Акбатес «Ұйқыашар жаттығуы»*<br><br>**Сөйлеуді дамыту. Көркем әдебиет**<br>**Гимнастикалық жолдан жүру**<br>Алашадан жүрейік<br>Жүрісті біз түзейік<br>Шымыр болып шынығып<br>Тез-тез басып өтейік<br><br>**(дене жаттығулар мен белсенділігі)**<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>**Мәдени-гиг.дағдылар:** Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (**тазалыққа баулу**). |
| **Бесін ас** | Балаларды кезекшілікпен дұрыс айналысуға ,епті қимылдауға, тарелке, қасықтарды дұрыс қоюға үйрету.<br>Гигиеналық шараларды дұрыс орындауын қадағалау. Бір- біріне кедергі жасамай мәдениетті отыруға баулу, балалардың назарын тағамға аудару.<br>**Астарың дәмді болсын!** Гигиеналық шаралар!<br>Қолдарын таза жууға , үстерін өздігінен дұрыс ұстауын қадағалау.<br>Балаларды асқа шақыру<br>Тамақтарын төкпей, шашпай қасындағы досына кедергі жасамауға үйрету.<br>Ас ішіп болғасын<br>«<br>Балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (кимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | **«Судың да сұрауы бар»**<br>**Мақсаты**:суреттер мен АКТ құралдарын пайдаланып,су үнемдеуге үйрету<br>-.Суды пайдаланып болған соң,тетікті толық, аяғына дейін бұрап жабу керек<br>-Тіс жуған кезде стаканды қолдану<br>Егер де отбасы күнделікті қолданатын су көлемін үнемдесе, онда бір жылда терендігі 2 метр көл пайда болар еді.<br>**Мақал жаттау**<br>Бұлаққа бұлақ қосылса — "егізбіз" дейді,<br>Көлге көл қосылса — "теңізбіз" дейді.<br>**«Үнемді тұтыну»**<br>**Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы Өнегелі 15 минут.** | **Дидактикалық ойын «Қолымда не бар?»**<br>**Мақсаты** : Үлкен-кіші, оң-сол жайлы білімдерін бекіту. Түйсіну сезімдерін дамыту<br>**Ойынның барысы:**<br>Баланың қолына үлкендігі әртүрлі заттарды ұстату. Мысалы, үлкен және кіші тастар. Бала қолына қарамастан, сипап- сезу арқылы үлкен-кіші заттың оң және сол қолында екенін анықтайды. Қалған балалар оның жауабынын дұрыстығын тексереді.<br>**Үстел үсті ойыны** | **«Сиқырлы таяқша»**<br>*Ойынның мақсаты:* балаларды зейін қоюға, мейірімділікке, досына көмектесуге тәрбиелеу. Балалар шеңберге тұрып, өздеріне көмек қажет болған жағдайды кезек-кезек айтып береді, мысалы: тісім ауырды, біреу ренжітті, көңіл-күйім болмады және т.б. Қатысушылар жағдайларын айтып болғаннан кейін, педагог «сиқырлы таяқшаны» қолына алып, былай дейді:<br>«Сиқырлы таяқша, досыңа көмектес!». Досына қалай көмектесуге болатынын білетін бала қолын көтереді, ал педагог оған таяқшаны береді. Қиындық туындаған жағдайда педагог баланың қолына таяқшаны тигізіп оған қалай көмектесу керектігін өзі айтады<br>**Адалдық әліппесі** | **Қысқы ойындар**<br>Мақсаты: Қыс мезгілі туралы түсініктерін кеңейту, қыстағы мерекелер, қысқы ойындар туралы түсінік беру.<br>Құрал-жабдықтар: Қыс және қысқы ойындардың суреттері,кітаптар.қысты рғыштар.<br>**Ойынның барысы**:<br>Тәрбиеші балаларға суреттерді көрсете отырып, сұрақ қояды.Балалар суреттерді тауып,қыстырғышпен қыстырып ,сұрақтарға жауап береді,әңгіме құрастырады.<br>**Кітап қарау** | **«Бұл ұяда не тұрады?»**<br>Мақсаты: қыстап қалатын құстармен таныстыру,оларға қамқорлық жасау<br>Барысы.<br>-Бірнеше құстар ұшып келеді,күн суық.Қыс мезгілі.<br>- Құстарға қалай көмектесе аламыз?<br>Тәрбиеші ұядағы құстардың суреттерін көрсетеді. Балалар оларды атайды, құстарға сипаттама береді.Оларға ұя жасау ,қоректендіру қажеттігін айтады.<br>**Экологиялық мәдениеттің негіздерін қалыптастыру** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Азаматқызы Биби-Фатима**<br>жұмбақ жасырған кезде ойланудағдысын дамыту.<br>мәнерлеп,интонациямен айтуына көңіл бөлу.<br>***Коммуникативтік дағды*** | **Болат Таир**<br>1-5 аралығында тура және кері санауға үйрету..<br>***Танымдық дағды*** | **Кәрібаева Ару**<br>лақтыру кезінде сақтық шараларын сақтауға үйрету.<br>***Физикалық дағды*** | **Айтжан Хан**<br>жемістер, көгөністерді ажыратуға көмектесу.<br>***Қоршаған әлеммен таныстыру.*** | **Құрмантай Асан**<br>мүсіндеу іс-әрекетіне ерекше қызығушылығына көңіл бөлу,қиялын шыңдау..<br>***Шығармашылық іс-әрекет*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | Серуенде ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: дұрыс тамақтану, қимылдар, ұйқы және күн, ауа мен су және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту.. (**тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру.** Қоршаған ортада, табиғатта тәртіп ережелерін білу; өз өмірінің қауіпсіздігін сақтау (бейтаныс адамдармен сөйлеспеу, ойнамау, бөтен машиналарға отырмау, бейтаныс адамдардың өтініштерін орындамау, олардың соңынан ермеу).<br>**Қауіпсіздік ережесі.**<br>Қоқысты жинау,оны қоқыс жәшігіне салу, қоқыс төгетін орын мен қоқыс жиынтығы экологиялық қауіптің маңызды көзі болып табылатынына көңіл аудару.<br>**Экологиялық мәдениеттің негіздерін қалыптастыру** | | | | |
| **Серуен** | **«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»**<br><br>**Арқан тарту**<br><br>Бұл екі топқа бөлінген балалармен немесе екі баламен ойналады. Арқанның екі жағынан екі бала немесе екі топқа бөлінген балалар тартысады. Қай топ арқанды өз жағына тартып, алып, кесе сол топ жеңіске жетеді. Екі бала тартысқанда қай бала өзіне қарай арқанды тартып екіші баланы құлатса, құламаған бала жеңіске жетеді.<br><br>**«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»** | **«Хан талапай»**<br><br>Бұл ойынға 5 немесе 10 бала қатыса алады. Көп асықтың ең ірісін қызыл түске бояп қояды. Бұл асық «хан» асығы.<br>Талапай-ау, талапай,<br>Табылды ойын, алақай!<br>Бүк асықпен - бүкті,<br>Шік асықпен - шікті,<br>Тәйкеменен - тәйкені,<br>Алшыменен - алшыны.<br>Бір-біріне атамыз!<br>Қызығына батамыз!<br>Талапай-ау, талапай,<br>Ойын қызық, балақай!<br>Асықты алға шашамыз,<br>Егер, «Хан» алшы түссе<br>Талапайға басамыз.<br>Біреу- бесеу, он алды,<br>Біреу-одан мол алды.<br>**«Хан»** түссе кім қолына,<br>Бар асықты сол алды-<br>**«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»** | **Шертпек ойыны**<br>Мақсаты:ұлттық ойындарды ойнау арқылы шапшаңдыққа тәрбиелеу<br>Ойын шарты :<br>балалар асықты түсіне қарай шерту қажет. Бала асықты шерткенде дәл түссе, асықтың түсі жолаққа сай түссе өзіне сол асықты<br>жинайды немесе сонша ұпай алады.<br>**«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»** | **Ойын:** ***«Түйілген орамал»***<br><br>**Мақсаты:** Балаларды ептілікке,шапшаңдыққа тәрбиелеу.Тәрбиешінің берген белгісін мұқият тыңдай білуге үйрету.<br>**Ойынның шарты:** Балалар айналасына жиып алады да «1,2,3»- деп дауыстайды. Осы кезде балалар жан-жаққа бытырап қаша бастайды. Ал ойын жүргізушісі қолында түйілген орамалы бар баланы қуалайды. Ол орамалды басқа балаға лақтырады. Қағып алған бала қаша жөнеледі.<br><br>Осылайша ойын жүргізіледі. Түюлі тұрған орамалды алғанша қуалай береді. Ұсталған ойыншы көпшілік ұйғарымымен ортаға тұрып өнер көрсетеді. Одан кейін ойын жүргізушісі ауыстырылады. | **Тақырыбы: «Қояндар мен қасқырлар»** ойыны.<br>Мақсаты: Балаларды тапқырлыққа, қырағылыққа, татулыққа тәрбиелеу.<br>Ептілілк қасиеттерін арттыру.<br>Денсаулықтарын нығайту.<br>Шарты: Бір бала қасқыр болады. Қалған балалар қоян болады. Қояндар өз үйлерінтығылып жатады. Қасқыр өз апанында жатады. Тәрбиеші -секендердер, секеңдендер, қояндар десе- қояндар шығып секендеп ойнайды. Қасқыр өз апанынан шығып қояндарды қуа жөнеледі. Ұстап алған қоянды өз апанына апарады. Осылай 3-4 қоян ұстаған соң, ойында басқа бала жалғастырады.<br>**«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»** | |

| | |
|---|---|
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әдебиет, дербес ойын әрекеті).** Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).Көркем әдебиет, дербес ойын әрекеті.** |
| **Кешкі ас** | Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** |
| **Балалардың дербес әрекеті (қимылдық ұлттық, сюжеттік-рөлдік, үстел үсті-баспа, тағы басқа ойындар, кітап оқу, бейнелеу)** | **Жұмбақ –жаттау**<br>Талдың басында<br>Жемі бар қасында,<br>Там тұр саялы<br>Достарға аялы. (Құс ұясы)<br>**Шығармашылық:**балалар құстың ұясын мүсіндейді,құрастырады, суретін салады<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру.**Құстарға қамқорлық жасау<br>**Көркем әдебиет**.Жұмбақты жаттау<br>**сөйлеуді дамыту.Танымдық-зерттеушілік іс-әрекет.Шығармашылық**<br>**«Адалдық әліппесі»** |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Ауа райына байланысты жылы киіну,киіну барысында түйме және сырма салуды балалардың өзіне қызмет ету дағдысы бойынша меңгеру деңгейін қадағалау.<br>Жақсы көңіл-күймен шығарып салу,ата-ана көзінше балаларды мадақтау. Балаларға педагог мейірімділік танытып, әрқайсысын жақсы көретінін білдірген жөн.<br>*Балалардың өз есімін, тегін, жасын, ата-аналарының атын білуді бекіту, кездейсоқ жағдайларда (адасып қалу, құлау) өзін дұрыс ұстауға үйрету.*<br>**Өнегелі 15 минут**<br>**Ата-анаға кеңес** :баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, балабақша ,ондағы достары туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз |

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Желтоқсан айы 2025 жыл 2 апта**

**Желтоқсан-Бірлік және ынтымақ айы.**

- Отбасында, балабақшада қауіпсіз мінез-құлық нормаларын білу
- Басқа балалармен сөйлесуге және олармен ортақ тіл табуға дайын болу
- Ойы мен сезімдерін білдіре алу қабілетінің болуы

**«Ынтымақ жүрген жерде-ырыс бірге жүреді»**

Топ: «Самұрық» ересек топ

Тәрбиешісі:Рахатова А.Б

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі 08.12.2025ж** | **Сейсенбі 09.12.2025 ж** | **Сәрсенбі 10.12.2025ж** | **Бейсенбі 11.12.2025ж** | **Жұма 12.12.2025ж** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату<br>**Психогимнастика**<br>**«Бүгін өзіңді қалай сезінесің?»**<br>Балаларға әртүрлі көңіл-күй реңктері бейнеленген карта ұсынылады.<br>Балалар оның көңіл-күйіне, досының, анасының, мысықтың және т. б. көңіл-күйіне ұқсас біреуін таңдайды<br>Міндеттері: қарым - қатынас дағдысын жетілдіру.<br>**Тіл дамыту - Коммуникативтік дағды.**<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру- Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру**<br>**Өнегелі-15 минут**<br>«Ынтымақ жүрген жерде-ырыс бірге жүреді»<br>Мақалды жаттау,мағынасын түсіну.<br>«Табиғат бұрышында» бірлесе еңбектену, шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасау, оларды суару,және нәтижесіне бірге қуану-ынтымақ болған жерде болатынын түсіндіру.<br>Аквариумдар, тордағы жануарлар және табиғат бұрышындағы бөлме өсімдіктері бала еденде тұрып оларға күтім жасай алатындай етіп орналастырылады; өсімдіктерді суару кезінде балалардың киіміне, жендеріне су ағып кетпеуі үшін су құйғышты кеудесінің деңгейінен төмен ұстауы керек.-**Қауіпсіздік ережесі**.<br><br>**«Адал азамат»біртұтас тәрбие бағдарламасы.**<br>**Күй күмбірі «Балбырауын » күйі**<br>**Тіл дамыту, коммуникативтік дағды**<br>**Өнегелі-15 минут** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | **- Ата-аналарға кеңес.** Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие берудің бастапқы кезеңінде балаларға:<br>-қағаздың екі жағына сурет салуын, оны толығымен қолдануды, егер сурет ойдағыдай шықпаса, қағаздан бұйымдар жасауды;<br>- элементтерді ортасынан емес, шетінен бастап қию арқылы қағазды үнемдеуді;<br>- қарындаштарды сатып алғанда, оларды пластик емес, қағаз қораптарда болуына назар аударуды, қарындаштармен сурет | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | салуды;<br>-ата-анасынан ағаш ойыншықтар мен басқа да төзімді табиғи материалдардан жасалған заттарды сатып алуын сұрауды түсіндіру қажет<br>**Экологиялық тәрбие жөнінде кеңес беру.Қауіпсіздік ережесі.** | | | | |
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары** | **«Банкомат» сюжетті-рөлдік ойыны**<br>Мақсаты: Балаларды ақша, банкомат, банк картасы туралы қарапайым түсініктермен таныстыру.<br>Кезек күту, қызмет көрсету мәдениетін үйрету. **Рөлде:**<br>-Клиент (тұтынушы)<br>-Банк қызметкері<br>-Картамен жұмыс істейтін бала (банкомат рөлі)<br>-Күзетші<br>-Сатушы<br>**Қажетті құралдар**:<br>-Ойыншық ақша (қағаз және тиын)<br>-Ойыншық банк карталары<br>-"Банкомат" ретінде картоннан жасалған қорап немесе үлкен сурет<br>-Чек қағаздары<br>-Сатып алатын ұсақ заттар (ойыншықтар, кубик, жеміс-мұзды суреттер)<br>**Қаржылық** | **«Досыңды тауып ал»**<br>*Ойынның мақсаты:* достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу, зейін, есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>Балаларды екі топқа бөледі, бір топтағы балалардың көздерін орамалмен байлайды да, оларға бөлменің ішінде жүруді ұсынады және көздері байланбаған құрдастарын тануы қажет екендігі айтылады. Балалар досының қолын, шашын, киімін ұстап тануына болады. Балалар достарын тапқаннан кейін ойыншылар рөлдермен алмасады.<br><br>**Адалдық әліппесі** | **«Өскенде кім болам?»**сюжеттік-рөлдік ойыны<br>Мақсаты: мамандық иелерімен,олардың еңбектерімен және керек-жарақтарымен таныстыру.<br>Дәрігер<br>Құрылысшы,<br>Полиция қызметкері,<br>Мұғалім,<br>Банк қызметкері.т.с.<br>Балалар өз білгендерімен бөліседі,тәрбиеші бағыт беріп отырады.<br>**Ерте кәсіптік бағыт беру.** | **«Сыпайы сұра»**<br>(мүлікті иеленуге меншік құқығы). Балаға құрдасынан ойыншығын сұрау ұсынылады. Мұны сыпайы түрде жасау керек, өзінің ойыншығымен ойнауды ұсынуға болады.<br>-Алуға болады ма?<br>-Рұқсат па?<br>-Сенің ойыншығыңды не затыңды ұстап көрсем бола ма?..деген сияқты сұрақтар қою арқылы әдептілікке тәрбиелеу ,құқықтық сауаттылығын көтеру.<br>**Құқықтық сауаттылық** | **«Егер де...»сөздік ойын**<br>Мақсаты:тәрбиеші айтқан сөйлемді өз ойы арқылы бала жалғастырады.<br>Ойында келесідей сұрақтар:<br>-егер сынған бұтақты байқасаң.. - көшеде марғау көрсең..<br>- бала қоқысты тастады,<br>-су босқа ағып тұр.. сен не істер едің?..<br>Бұл сұрақтар балалардың ақыл-ой белсенділігін арттырады, олар бір-бірін тыңдауға үйренеді. Байланыстырып сөйлеу қабілеті дамиды.<br>**Экологиялық мәдениет қалыптастыру**. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сауаттылық | | | | |
| Ертеңгілік жаттығу | **«Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату,бірге орындау,жаттату**<br>**Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту Жаттығу :орындықпен**<br>1. Б.қ.- орындыққа мініп отыру, аяқты бүгіп, қолды төмен түсіріп тұру.1-қолды жан-жаққа созып жоғары көтеру, қолға қарау. 2-б.қ-6-8 рет<br>2. Б.қ.- орындыққа мініп отыру, аяқты бүгіп, қолды жоғары көтеріп отыру.1-қолды арқаға қарай апарып, алақанды жауырынға тигізу. 2-б.қ.-6-8 рет<br>3. Б.қ.- орындыққа мініп аяқ бүгіп, қол алдында отырған баланың иығына қойып отыру.1-оң қолды жан-жаққа соза артқа қарай апара бұрылу. 2-б.қ. 3- сол қолды жан- жаққа соза артқа қарай апара бұрылу. 4-б.қ.-6-8 рет<br>4. Б.қ.- орындыққа мініп аяқ бүгіп, қол белге қойып отыру.1-орындықтан тік тұру, қолды жан-жаққа созу. 2- б.қ.-6-8 рет<br>5. Б.қ.-орындыққа мініп, қолды белге қойып отыру. 1- иықты біріктіре, екі шынтақты алға бір-біріне жақындату. 2-б.қ. 3-иықты артқа созып, екі жауырынды бір-біріне жақындату.-6-8 рет<br>6.Б.қ.-қолды жоғары көтеріп, орындыққа қарама-қарсы тұру. 1- алға еңкейіп, қолды орындыққа түсіру. 2-қолды орындықтың арқасынан еденге түсіру.3-қолды орындыққа қою.4-б.қ.-6-8 рет<br>7. Б.қ.- орындыққа мініп, аяқ бүгіп, қолды алға отырған баланың иығына қою. 1- оңға иіліп, демді ішке тарту. 2- б.қ., демді шығару. 3- солға иіліп, демді ішке тарту. 2- б.қ-қа келу, демді шығару-6-8 рет<br>**Ертеңгілік жаттығудың денсаулыққа пайдасы туралы түсінік қалыптастыру, таңертеңгі жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру**<br>**Салауатты өмір салтын қалыптастыру** | | | | |
| Таңғы ас | Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.**<br>Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану,<br>Балаларды кезекшілікке жауапкершілікпен қарауға,үлкендерге көмектесуге баулу;<br>Адамның денсаулығы дұрыс тамақтануға байланысты екені туралы түсініктерді жетілдіру,таңғы асты тауысып жеудің пайдасы жөнінде айту.<br>**Салауатты өмір салтын қалыптастыру**<br>Астарың дәмді болсын!<br>Астан кейін беті-қолын жуып, сүртінуге дағдыландыру, тазалыққа баулу<br>**Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру (мәдени-гигиеналық** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**<br>Топта тазалық сақтауға, кезекшілік міндеттерін жауапкершілікпен атқаруға баулу<br>**Сөйлеуді дамыту Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру<br>Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері<br>**Отан**<br>Отан - жерім, Отан – суым,<br>Отан қуат, нәр береді. Отан –ұран,<br>Отан – туым,<br>Отан мәңгі гүлденеді<br>*М.Хакімжанова*<br>Мақсаты:Өз Отанын жақсы көру,оны қорғаудың маңыздылығын түсіну<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**.<br>**Көркем әдебиет** | | | | |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | **Дене тәрбиесі** Жоспары денешынықтыру нұсқаушысында | **Музыка**<br>Жоспары ән-күй маманында | **Дене тәрбиесі**<br>Жоспары денешынықтыру нұсқаушысында | **Музыка**<br>Жоспары ән-күй маманында<br><br>**Қазақ тілі**<br>Жоспары қазақ тілі маманында | **Дене тәрбиесі** Жоспары денешынықтыру нұсқаушысында |
| **Кіріктірілген ҰІӘ** | **«Біздің үй»**<br>Балаларға дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш бейнеленген карточкаларды көрсету. Әр пішіннің атын атау және олардан қағаз бетіне қарындашпен құрастыруды үйрету.<br>**Математика негіздері.Құрастыру.**<br>**Сурет салу тапсырмасы:** | **«Әр түрлі көлемдегі ойыншықтар»** суретін салу: үлкен доп (дөңгелек), кіші доп (дөңгелек), үлкен қорап (шаршы), кіші қорап (шаршы).<br>**Математика негіздері**.<br>**Дамытушы ойын:**<br>«Көлемін анықта» – балалар | **«Табиғат бейнесі» суретін салу**: биік ағаш (тікбұрыш, сопақ – жапырақтары), аласа бұта (дөңгелек – жапырақтары), кішкентай гүлдер (дөңгелек – гүлдері).<br>**Дамытушы ойын:**<br>«Тап айырмашылықты» – | **«Ауладағы ойын алаңы»** суретін салу: тікбұрыш – сырғанақ, үшбұрыш – шатыр, дөңгелек – доп.<br>**Дамытушы ойын:**<br>«Қайда орналасқан?» – балалар пішіндерді дұрыс орналастырады (жоғары, төмен). | **«Қиялдағы қала»** суретін салу: тікбұрыштар – үйлер, үшбұрыштар –<br>шатырлар, дөңгелек – күн, шаршылар – терезелер.<br>**Дамытушы ойын:**<br>«Сурет құрастыру» – әр бала берілген<br>пішіндерді пайдаланып, өз композициясын жасайды. **Сурет салу** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Үйді» сурет салу: тікбұрыш – қабырғасы, үшбұрыш – төбесі, шаршы – терезесі, дөңгелек – күн. **Сурет салу** Балаларға сазбалшық немесе ермексаздан қарапайым пішіндер (доп, табақша) жасау ұсынылады. Жасалған пішіннің бетін саусақпен немесе арнайы тегістегіш құралмен тегістеу тәсілдерін көрсету. **Мүсіндеу** «Көңілді кемпірқосақ» жапсыру: әртүрлі түсті жолақтарды тізіп жапсырып, кемпірқосақ суретін құрау. **Дамытушы ойын:** «Кімнің жолы ұзақ?» – ең ұзын және тегіс жолақты анықтау. **Жапсыру** | үлкен, орташа және кішкентай пішіндерді суреттен табады. **Сурет салу** Сиқырлы гүлдер» жапсыру: шаршының бұрыштарын қию арқылы гүл пішінін жасап, қағаз бетіне орналастыру. **Дамытушы ойын:** «Гүлдер бақшасы» – балалар жасаған гүлдерді біріктіріп, композиция құру. **Жапсыру** «Сыңғырлаған қоңырау» мүсіндеу: қоңырау пішінін жасап, оның әр бөлігін мұқият тегістеу. **Дамытушы ойын:** «Қоңырау кімде әдемі?» – дайын мүсіндерді талқылау. **Мүсіндеу** | балалар ағаш, бұта және гүлді суреттен тауып, олардың айырмашылықтарын атайды. **Сурет салу** Құмырадағы гүлдер» композициясы: жапсырма тәсілімен құмыра мен оның ішіндегі гүлдерді бейнелеу. **Дамытушы ойын:** «Өрнектер қайда жасырынып тұр?» – әр бала жасаған композициядағы ұқсас элементтерді табу. **Жапсыру** «Қар қояны» – қоян мүсінін жасап, оны қар ұшқындарымен безендіру. **Дамытушы ойын:** «Ертегі әлемі» – дайын кейіпкерлермен қыс туралы ертегі құрастыру. **Мүсіндеу** | **Сурет салу** «Қардағы шырша» жапсыру: шырша мен қар ұшқындарын бейнелеу. **Дамытушы ойын:** «Шыршамды безендір» – балалар әрқайсысы өз шыршасын ерекше етіп безендіреді. **Жапсыру** Әр байланыс орнын тегістеу. **Тапсырма:** «Қар ұшқындарының тізбегі» – дайын тізбекті қар ұшқынына ұқсас формаға келтіру. **Дамытушы ойын:** «Кімнің тізбегі ұзын?» – балалардың жасаған жұмыстарын салыстыру. **Мүсіндеу** | «Ағаштар саябағы» – әр бала өз ағашын жасап, жапсырады. **Дамытушы ойын:** «Қай ағаш қайда тұр?» – балалардың жұмыстарына қарап, қай ағаштың қай жерде орналасқанын анықтау. **Жапсыру** **Қоршаған әлеммен таныстыру.** |
| **Серуенге дайындық** | **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** Қыс мезгілі болғандықтан,сырғанақтан құлап кету қаупін ескерту. тербелу, өрмелеу, биіктіктен секіруге рұқсат етілмейтінін ескерту. Серуен барысында шатыр және ғимаратқа өте жақын жүрмеу,ойнамау қажет Қоршаған ортада, табиғатта тәртіп ережелерін білу; өз өмірінің қауіпсіздігін сақтау (бейтаныс адамдармен сөйлеспеу, ойнамау, бөтен машиналарға отырмау, бейтаныс адамдардың өтініштерін орындамау, олардың соңынан ермеу). **Қауіпсіздік ережесі. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы** Қоғамдық орындарда мінез-құлық ережелері туралы; үйдегі, балабақша тобындағы міндеттері туралы түсініктерін кеңейту **Желтоқсан-Бірлік және ынтымақ айы.** Серуен барысында және барлық іс-әрекет кезінде бір-біріне көмектесу,достық қолын созу керектігін ескерту. Бірі-бірімен достық қарым –қатынас жасап,бірге ойнау,бір-бірін ренжітпеу керектігін ескерту | | | | |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | **Судың қатқанын бақылау**<br>Мақсаты: судың құрамымен таныстыру,табиғатта пайда болатын құбылыстар туралы түсінік беру.<br>Тәрбиеші қатқақ суға балалардың назарын аударады. Олар қайдан пайда болды?<br>**Тақпақ:**<br>Қар жатыр аппақ<br>Ойнауға жақсы-ақ<br>Осындай шақта<br>Кім үйде жатпақ?<br>**Жұмбақ**:Қолы жоқ сурет салады,<br>Аузы жоқ тістеп алады. (Аяз)<br>**Қимылды ойын**: «Кім алыққа жүгіреді?».<br>Мақсаты: Икемділігін, күшін дамыту.<br>**Еңбек:** есік алдын сыпырушы ағайға көмек көрсету мұз жолдың үстіне құм себу.<br>**Шығармашылық іс әрекет, танымдық,коммуникативті іс-әрекеті** | **Қысқы ағаштар мен бұтақтарды бақылау**<br>Мақсаты: Өсімдіктердің ұқсастығы мен ерекшелігін ажыратуға үйрету.<br>Жапырақсыз қалған өсімдікке назар аудару. Әсіресе қысты күні ағаштар мен бұталардың айырмашылығын жақсы көруге болатындығы туралы түсінік беру.<br>Өсімдіктердің бір біріне ұқсастығы мен ерекшеліктерін табыңдар. Ауладан өздеріңе таныс өсімдікті тауып, атын атаңдар. Қастарына жақындап барып, қолдарыңмен ұстап сипаттап беріңдер.<br>**Мақал-мәтел**: Аяз мықты болса, мұрның қызарады.<br>**Тақпақ**: «Қарағай»<br>Көкке бойын созады,<br>Көпке қолын созады.<br>Кең құшағын ашады,<br>Көлеңкесін тосады<br>Көп қарағай,қарағай<br>Мейірбанды анадай. | **Қар үстіндегі іздерді бақылау**<br>Мақсаты: балаларды қар үстіндегі адамдардың, жануарлардың, құстардың ізін айырып, білуге үйрету. Балаларды байқағыш, ойлау қасиеттерін қалыптастырып, толықтыра түсу.<br>Қар үстіндегі іздерге назар аударып, оны анықтай білуге көңіл қою. Ауа райының қай кезінде іздер жақсы көрінеді?<br>**Тақпақ:**<br>Ақ киімді денелі, ақ сақалды,<br>Соқыр, мылқау танымас тірі жанды,<br>Үсті – басы ақ қырау түсі суық,<br>Басқан жері сықырлап келіп қалды. (Абай)<br>**Мақал**: Жем берсең қыста құсқа- сауабы тиер оның жазда.<br>**Қимылды ойын: «Ақ қоян»**<br>Мақсаты: балалардыептілікке баулу.<br>**Еңбек:** құстар үшін жемсалғыш жасап, оны ағашқа іліп қою, жем салу<br>**Қарым- қатынас** | **Қар (ұлпаларының) ұшқындарын бақылау**<br>Мақсаты: балаларды қар ұшқындарының қалай пайда болатынын, олардың құрылысымен таныстыру, сонымен бірге балаларды байқағыштыққа тәрбиелеу.<br>Балаларға қар ұлпасын қағып алып, зейін қойып, анықтауды ұсыну. Қар ұшқыны алты қанаттан тұрады, олар бір—біріне өте ұқсас келеді.<br>Қар ұшқыны жаңбыр сияқты, бұлтта жаратылады. Су буы өте жоғары көтеріледі, жоғарыда ауаның температурасы өте төмен болғандықтан, су буларынан кішкентай ғана мұз қиыршықтары пайда болады. Алты қырлы мұз түйіршіктері өсіп кішкентай жұлдызшаларға айналады, сөйтіп қар ұшқындары жерге түседі.<br>**Тақпақ:**<br>Жазда көлге мұз қатты,<br>Табанымды мұздатты.<br>Мұз ойылып кетті тез,<br>Күліп едік, біз қатты.<br>**Қимылды ойын «Ортаға түспек»**<br>Мақсаты: тез жүгіріп секіруге, ептілікке үйрету. | **Қар жауып тұрған құбылысты бақылау**<br>Мақсаты: қардың жауып тұрғанын бақылау, ауа райына байланысты құбылыстарды түсіндіру, аязды күнде қар жеңіл болады, олар ауада би билегендей, жылырақ күнде қар ауырлау тартады,- қалықтап жерге түседі, суық күнде қар ұшқындары жеделдеп жауады.<br>**Тақпақ** :<br>Есік алды тайғанақ жата берсін.<br>Біз оған теуіп жүрміз сырғанақ,<br>Шыға беріп жалтақтай,<br>Ұшып түсті қалпақтай.<br>**Қимылды ойын**: «Аңшы мен қояндар»<br>Мақсаты: жылжымалы лақтырған нысанға затты тигізу, жүгіруге өрмелеп шығуға жаттықтыру.<br>**Жұмбақ**: Құм сияқты ұсақ болғанымен, жер бетін жауып үлгереді. (қар)<br>**Еңбек:** Тәрбиеші жұмысты әркімге бөліп беруге көмектеседі. Бірі қарды жинаса, енді бірі оны тасиды, шанаға артады, ұжым болып бәрі қарды тазалауға қатысады..<br>**Қарым- қатынас іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **Қимылды ойын: «Аңшы және қояндар»**<br>**Еңбек әрекеті**: Тал түбі мен бұталардың түбіне қарларды үйіп жинау | **іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті** | **Еңбек**: қар күреуге,күректі ыңғайлы ұстауға балаларды үйрету.<br>**Қарым- қатынас іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті** | |
| **Серуеннен оралу** | Балабақша ауласында, жақын маңдағы шағын ауданда еркін бағдарлай білуге баулу,серуеннен оралу барысында саппен қол ұстасып,топ бөлмесіне бақшаның оң жақ немесе сол жағынан жүріп үйрету.<br>Балаға серуеннен рұқсатсыз топ бөлмесіне не сыртқа кетіп қалуға болмайтынын ескерту.<br>Қабыршақты мұз жолдарымен жүрмей,тәрбиеші қадағалауымен таза жолмен жүру..<br>**Қауіпсіздік ережесі**<br>**Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.**<br>Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау<br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары .**<br>Және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру.<br>Топқа келгенде айнаға қарау,шашын тарау,киімдерін ретке келтіру дағдысын қалыптастыру. Қажет болған жағдайда (терлеген,кір болған жағдайда) шкафтан киімдерін ауыстыру.<br>Балалардың бір-біріне көмектесуін мадақтап отыру. | | | | |
| **Түскі ас** | **Өзіне-өзі және достарына көмектесу, қызмет ету дағдысын қалыптастыру.**<br>Таза суды сүйемін<br>Тап-таза болып жүремін<br>Мұрын, ауыз қолымды<br>Күнде жуып жүремін<br>Асхана кезекшілері өз міндеттерін орындау.<br>2.Гигиеналық шаралардың дұрыс жүргізуін қадағалу.<br>3.Өз- өзіне дұрыс қызмет көрсету.Жеңін қайырып бойын түзу ұстап отыру.<br>**Тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктерін ескеру (оның ішінде олардың жекелеген азық-түлікті және тағамды ішпейтінін).**<br>Көркем сөз айту.<br>Ас ішерде күнде біз<br>Сөйлемейміз,күлмейміз<br>Астан басқа өзгені<br>Елемейміз білмейміз<br>Астарың дәмді болсын!<br>Дұрыс тамақтану ережелері :<br>1.Тамақты асықпай шайнап жеу керек.<br>2.Асты мұқият ішу керек.<br>3.Тәулік бойы тамақтану тәртібін , мөлшерін сақтау қажет.<br>Бойымыз, ойымыз өсу үшін дұрыс тамақтану тәртібін сақтау қажетпіз.<br>**Сөйлетуді дамыту.** | | | | |

| | |
|---|---|
| | Балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**<br>Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу.<br>Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау.<br>Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау.<br>Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту.<br>Балаларды үстел басында тамақты күтіп отыруға немесе тамақтанғаннан кейін үстел басында отыруға мәжбүрлеуге болмайды. Балалар мынадай ережені білуі қажет: тамақ ішіп болғаннан кейін алғыс айту және басқалары тамақтанып болғанша ойнауына болады.<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** |
| **Күндізгі ұйқы** | Ұйқыға дайындықты баяу музыкамен бастауға болады, музыка ырғағымен балалар өздігінен шешінуді, жатын бөлмеге кіріп, кереуетке жатуды әдетке айналдырады. Баяу музыка белсенділікті және қозғыштықты төмендетуге, баланы тыныштандыруға әсер етеді.<br>Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру<br>Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету.<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін баяу музыка тыңдау. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>«Бір үзім нан » қазақ халық ертегісін оқып беру.<br>Танымдық әңгімелерді, сондай-ақ көлемді көркем шығармаларды оқып беруге болады<br>**Шығармашылық.Коммуникативті дағдыларды дамыту.** |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | **Біртіндеп ояту:** Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту.<br>Ұйқыдан біз тұрайық<br>Көзімізді ашайық<br>Анда- мында созылып<br>Тарқасайық, тұрайық<br>**Сөйлетуді дамыту. Көркем әдебиет**<br>**Гимнастикалық жолдан жүру**<br>Мықты болсын аяғым<br>Мықты болсын бақайым<br>Шынықтырып аяқты<br>Жаттығуды жасаймын<br>**(дене жаттығулар мен белсенділігі)**<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>**Мәдени-гиг.дағдылар:** Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (**тазалыққа баулу**). |
| **Бесін ас** | Балаларды кезекшілікпен дұрыс айналысуға ,епті қимылдауға, тарелке, қасықтарды дұрыс қоюға үйрету.<br>Гигиеналық шараларды дұрыс орындауын қадағалау. Бір- біріне кедергі жасамай мәдениетті отыруға баулу, балалардың назарын тағамға аудару.<br>**Астарың дәмді болсын!** Гигиеналық шаралар! |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қолдарын таза жууға , үстерін өздігінен дұрыс ұстауын қадағалау.<br>Балаларды асқа шақыру<br>Тамақтарын төкпей, шашпай қасындағы досына кедергі жасамауға үйрету.<br>Ас ішіп болғасын<br>«<br>Балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | **Үстел үсті ойыны:**<br>Тақырыбы: «Жоғалған зат»<br>Мақсаты:Балаларды байқампаздыққа,тапқырлыққа баулу<br>Шарты:Үстелдің үстіне бірнеше зат қойылады.Балалар мұқият қарап алады,сосын көздерін жұмады,бір затты алып тастайды,не зат екенін балалар айтады<br>**(танымдық – зияткерлік, коммуникативтік іс-әрекет)** | **Үстел үсті ойыны " Мозаика" "Пазл".**<br>Мақсаты: Балаларға берілген суреттердің бөлігін тауып орналастыра білуге үйрету. Тапқырлыққа баулу.<br>Шарты:Ұлттық оюлардан пазл құрау **(коммуникативті іс-әрекет)**<br>**Біртұтас тәрбие** | **Үстел үсті ойыны.**<br>Тақырыбы:Түсін тап.<br>Мақсаты:Түстер туралы түсініктерін арттыру,ойлау қабілеттерін арттыру.<br>Шарты: Суреттерді түстері мен пішініне сәйкестендіру<br>**(танымдық – зияткерлік, коммуникативтік іс-әрекет)** | **Үстел үсті ойыны «Таяқшалар»**<br>Мақсаты:Ойлау,құрастыру қабілеттерін дамыту<br>Шарты:Санау таяқшалар арқылы түрлі заттардың бейнесін құрастыру<br>**(танымдық – зияткерлік,**<br><br>**коммуникативтік қызмет)** | **Үстел үсті ойыны «Фасоль»**<br>Мақсаты:Зейіндерін тұрақтандыру,жылдамдықтарын арттыру<br>Шарты:Түрлі сызықтардың бойына фасоль дәнін тізіп шығу<br>**(коммуникативтік іс-әрекет,шығармашылық )** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Жаксыбаева Рамина**<br>Жаңылтпаш айту,сөздерін дұрыс айтуға дағдыландыру мәнерлеп,интонациямен айтуына көңіл бөлу.<br>***Коммуникативтік дағды*** | **Серікбай Тәуекел**<br>Геометриялық пішіндер: дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрышты ажырату.<br>***Танымдық дағды*** | **Тугелбаев Аңсар**<br>ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу<br>***Физикалық дағды*** | **Кәрібаева Ару**<br>Табиғи құбылыс атаулары,ұқсастықтары мен айырмашылықтарын ажыратуға үйрету.<br>***Қоршаған әлеммен таныстыру. Әлеуметтік-эмоционалды дағды*** | **Құрмантай Асан**<br>жапсыру іс-әрекетіне ерекше қызығушылығына көңіл бөлу,қиялын шыңдау..Желім мен қайшы пайдалану кезіндегі қауіпсіздікті сақтау.<br>***Шығармашылық іс-әрекет*** |
| **Серуенге дайындық** | Серуенде ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру.<br>Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: дұрыс тамақтану, қимылдар, ұйқы және күн, ауа мен су және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту.. (**тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**).<br>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру.** Қоршаған ортада, табиғатта тәртіп ережелерін білу; өз өмірінің қауіпсіздігін сақтау (бейтаныс адамдармен сөйлеспеу, ойнамау, бөтен машиналарға отырмау, бейтаныс адамдардың өтініштерін орындамау, олардың соңынан ермеу).<br>**Қауіпсіздік ережесі.**<br>Қоқысты жинау,оны қоқыс жәшігіне салу, қоқыс төгетін орын мен қоқыс жиынтығы экологиялық қауіптің маңызды көзі болып табылатынына көңіл аудару.<br>**Экологиялық мәдениеттің негіздерін қалыптастыру** | | | | |
| **Серуен** | **«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»**<br>**Ойын аты**: «Ақсерек –көксерек»<br>**Мақсаты**: Балалардың жылдамдық және шымырлық қабілетін арттыру<br>**Міндеті**:Бұл ойынды ойнау үшін балалар екі топқа бөлінеді,қолдарынан ұстап тұрады. Ара қашықтық 20-30 қадам.,ойын ережесін түсініп ойнауын және ойын ережесінің бұзылмауын ескеру.<br>**Ойын барысы:**<br>-Ақсерек-ау, ақ серек<br>Бізден сізге кім керек?.<br>- Ақсерек –ау ақ серек,<br>Сізден бізге (бала аты) керек.<br>Аты аталған бала келесі топқа дейін жүгіріп барып орта сынан ұстасқан қолдарды ажыратып кету керек. Егер өтіп кетсе сол топтан бір баланы тобына алып кайтады,өте алмаса сол топта | **«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»**<br>**Тақия тастамақ**<br>**Мақсаты**:Балаларды жалықтырмай ойын ережесін сақтап, жылдамдыққа, шапшаңдыққа, ұйымшылдыққа баулу. Сөздік қорларын молайту.<br>**Шарты**: Ойын кезінде ойын ережелерін бұзбау. Тақия тасталғанда көзді жұмып отыру керек, карауға болмайды. Итеруге, күш көрсетулерге жол берілмейді. Ал, егер бала орнына тұрмай ұсталса немесе тақияны өзінде екенін сезбеген жағдайда, айыбы ретінде өз өнерін көрсетеді | **«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»**<br><br>**Көтермек**<br>**Мақсаты**:<br>Балалардың ойын , күшін дамыту. Қазақтардың салт-дәстүрі мен ұлттық ойындары арқылы балаларға тәрбие беру.<br>**Шарты**: Балалар шеңберге тұрады. Өз ерігімен сайысам дегендер екі бала ортаға шығады, бір-біріне құрамалар бойынша қарама-қарсы тұрады және қарсыласты өзінің арқасына көтеріп алуға тырысады. | **«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»**<br>**Ойын: «Тығылыспақ»**<br>**Мақсаты: кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру, сөздік қорларын молайту**<br>Қажетті заттар:<br>Ойын барысы: барлық балалар екі топқа бөлініп, топ басшылары тағайындалады. Санамақ арқылы қай топтың жасырынып, қай топтың іздейтіні анықталады. Ойынға «қала», яғни барлық ойыншылар жиналатын жер (ағаш, жар, есік, т.с.с.) таңдалынады. Жасырынатын топты топ басшылары жасырып, өзі қайтадан бұрынғы орнына оралады да, қарсылас топтың қай бағытта қозғалғанын «біз қазір (қай жер екенін)» айтып отырады. Ал жасырынған топ болса осы көмекті пайдалана отырып, жасырынған жерде отырады, ыңғайлы сәт туғанда «қаланы» жаулап алады. | **«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»**<br>**Тақия тастамақ**<br>**Мақсаты**: Балаларды жалықтырмай ойын ережесін сақтап, жылдамдыққа, шапшаңдыққа, ұйымшылдыққа баулу. Сөздік қорларын молайту. Шарты: Ойын кезінде ойын ережелерін бұзбау. Тақия тасталғанда көзді жұмып отыру керек, карауға болмайды. Итеруге, күш көрсетулерге жол берілмейді. Ал, егер бала орнына тұрмай ұсталса немесе тақияны өзінде екенін сезбеген жағдайда, айыбы ретінде өз өнерін көрсетеді. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қалады. Ойын осылай жалғаса береді | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әдебиет, дербес ойын әрекеті).** Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. **(сөйлетуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).Көркем әдебиет, дербес ойын әрекеті.** | | | | |
| **Кешкі ас** | Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (қимылдық ұлттық, сюжеттік-рөлдік, үстел үсті-баспа, тағы басқа ойындар, кітап оқу, бейнелеу)** | **«Адал досқа арналған ашық хат»**<br>*Ойынның мақсаты:* достық қарым-қатынасты қалыптастыру<br>Педагог балаларға достық туралы мақал айтып береді,не өлең оқып беруге болады, содан кейін өзінің адал досы деп санайтын адамды атауды және оның себебін түсіндіруді сұрайды. Әңгіме соңында балаларға адал досы үшін ашық хат дайындау ұсынылады<br>**Шығармашылық:**балалар достарына арнап ашық хат суретін салады немесе қағазды бүктеу(оригами)арқылы жасауға болады<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру.Балаларды** адамгершілік құндылықтарға, өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге, өзінің іс-әрекетіне басқалар пікірін білдірген жағдайда ол пікірді дұрыс қабылдауға үйрету<br>**Көркем әдебиет.**<br>**Достық**<br>Ортақ мекен жер шары,<br>Төбемізде бір аспан.<br>Барлық ұлттың баласы<br>Достығымыз жарасқан.<br>Ортақ бізге бір Отан,<br>Ортақ жердің байлығы<br>Еңбек- ортақ, жыр- ортақ,<br>Ортақ бізге барлығы.<br>*Е.Елубаев*<br>**Сөйлетуді дамыту.Танымдық-зерттеушілік іс-әрекет.Шығармашылық**<br>**«Адалдық әліппесі»** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Балалардан бүгінгі күннің қалай өткені туралы, баланың жетістіктері қандай болғаны туралы сөйлесу, ата-ананың білуі тиіс ақпаратты мерзімінде беру, баланың алдымен жетістіктеріне тоқтала отырып, айту ұсынылады<br>Балаларда мінез-құлық мәдениеті мен сыпайы қарым-қатынас негіздерін қалыптастыруды жалғастыру; амандасу, қоштасудың қажеттігі туралы еске салу, ересектердің әңгімесіне араласпау, өз өтінішін сыпайы түрде білдіру, көрсеткен қызметі үшін алғыс айту.<br>Қоғамдық орындардағы мінез-құлық ережелері туралы түсініктерді кеңейту. Қоғамдық көліктегі мінез-құлық мәдениеті дағдыларын қалыптастыру.<br>**Өнегелі 15 минут**<br>**Ата-анаға кеңес** : балалардың қалталарын үнемі бақылап отыруды айтуы, яғни олардың сіріңкелерді, дәрі-дәрмектер мен өткір | | | | |

| | |
|---|---|
| | заттарды және олардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін заттарды пайдалануын болдырмау үшін жұмыс жүргізу жөнінде кеңес беру.<br>**Қауіпсіздік ережесі**. |

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**
**Желтоқсан айы 2025 жыл 3 апта**

**Желтоқсан-Бірлік және ынтымақ айы.**

- Отбасында, балабақшада қауіпсіз мінез-құлық нормаларын білу
- Басқа балалармен сөйлесуге және олармен ортақ тіл табуға дайын болу
- Ойы мен сезімдерін білдіре алу қабілетінің болуы

**«Бірлік болмай-тірлік болмас»**

Топ: «Самұрық» ересек топ
Тәрбиешісі:Рахатова А.Б

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 15.12.2025ж | Сейсенбі 16.12.2025 ж | Сәрсенбі 17.12.2025ж | Бейсенбі 18.12.2025ж | Жұма 19.12.2025ж |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы:жақсы көңіл-күйде қарсы алу. Тәрбиеленушілерді таңертең қабылдағанда ата-аналардан тәрбиеленушінің көңіл-күйі туралы сұрау және оның денсаулық жағдайын қарау жүзеге асырылуы қажет. Тәрбиеленушінің ауырып тұрғаны байқалса балабақшаға жіберу туралы шешім қабылдау үшін медициналық қызметкердің қарауына жіберіледі.<br>«Ауа-райы қандай?» дидактикалық ойын<br>Мақсаты: Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, жаңбыр, тұман, қар, бұршақ, кемпірқосақ, боран) кеңейту<br>Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар, жаңбыр жауды, жел соқты), соған сәйкес киіну.<br>Міндеттері: қарым - қатынас дағдысын жетілдіру.<br>**Тіл дамыту - Коммуникативтік дағды.**<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру- Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру**<br>**Өнегелі-15 минут**<br>**«Бірлік болмай-тірлік болмас»**<br>Мақалды жаттау,мағынасын түсіну.<br>- **«Табиғат бұрышында» еңбек**:бірлесе еңбектену, өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес күтім жасау әдістерін білу: оларды суару, түбін қопсыту, түскен жапырақты жинау және нәтижесіне бірге қуану-бірлесе еңбектене алған жағдайда болатынын түсіндіру.<br>.-**Қауіпсіздік ережесі**.<br>**«Адал азамат»біртұтас тәрбие бағдарламасы.**<br>**Күй күмбірі «Балбырауын » күйі**<br>**Сөйлеуді дамыту, коммуникативтік дағды**<br>**Өнегелі-15 минут** | | | | |
| Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру | **Ата-аналарға кеңес.** Баланың "Мен" бейнесін қалыптастыру<br>Балаға өзінің атын, тегін, жасын, жынысын атай білуге үйрету, өзін құрметтеуге, өз қадір-қасиетін сезінуге, өзіне деген сенімділікке тәрбиелеу<br>**Өнегелі-15 минут** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары** | **«Қажет-қажет емес»** Барысы:.балалар Теңгетаймен дүкенге баруға дайындалады. Қажет және қажет емес заттар суреттерінен таңдау ұсынылады. Мысалы,карындаш-қажет. Боямақ-қажет. Сағыз-қажет емес. Қытырлақ картоп-қажет емес,т.с. Сондай-ақ қағаздан жасалған тиындарды қажет заттарға жеткізу керек **Қаржылық сауаттылық** | | **«Кемемен қыдыруға барамыз» сюжеттік-рөлдік ойыны** *Мақсаты:* балаларды ойындағы рөлдерді бөлісу кезінде жанжалдан аулақ болуға баулу. Балалар «кеме» құрастырып, қыдыруға дайындалуда. Ең белсенді бала (көшбасшы) – «капитан», біреуі – «матрос» болып тағайындалды. «Жолаушылар» кемеге отырып жатыр. Ал, кім кеменің жүргізушісі болады? Бұл рөлге екі бала таласып, олардың араларында жанжал туындады. Бұл даулы мәселе қалай шешіледі: біреуі штурвалды алып қояды немесе жүргізуші болудан бас тартып, оны досына береді. **Адалдық әліппесі** **Ерте кәсіптік бағыт беру.** | **«Ертегілер әлемі» (әркімнің өз пікіріне құқығы бар).** Бұл таныс ертегіге негізделген үстел үсті немесе қуыршақ театры. Тәрбиеленушілер кейіпкерлердің мінез-құлқы өзгертілген өздерінің нұсқасын ойдан шығарып, оны сахналай алады. Сюжеттер қызықты болуы мүмкін. Мысалы, бауырсақ зұлым болады, ол орман тұрғындарын уландырғысы келеді, ал түлкі, керісінше, мейірімді, оларды құтқаруға тырысады. **Құқықтық сауаттылық** | **Табиғи құбылыс туралы жұмбақ-ойын** **Мақсаты:** қоршаған әлемге сүйіспеншілік сезім қалыптастыру. Білімдерін толықтыру, тапқырлыққа тәрбиелеу<br><br>Қоймасын қыс ақтарып, Жерді жапты ақ мамық. (Қар)<br><br>Тек өзі көрінбейді, Адамды тоңдырады Ызғары ділдетіп, Есіңнен тандырады. (Аяз)<br><br>Суда қалқиды, Жылыда балқиды. (Мұз)<br><br>**Коммуникативті дағды Экологиялық мәдениет қалыптастыру.** |
| Ертеңгілік жаттығу | **«Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату,бірге орындау,жаттату** **Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту Жаттығу :шығыршықпен** 1. «Шығыршыққа қара» жаттығуы. Б.қ.- аяқты сәл алшақ қойып, шығыршықты иық тұсында ұстап тұру.1- шығыршықты жоғары көтеру, шығыршыққа қарау. 2- б. қ-6-8 рет.<br>2. «Шығыршыққа үрле» жаттығуы. Б.қ.- аяқты аяқты иық деңгейінмен бірдей қойып, шығыршықты кеуде тұсында ұстап тұру.1- алға қарай иілу, демді ішке тарту. | | | | |

| | |
|---|---|
| | 2- шығыршықты бетке тақап, үрлеу. 3- б.қ.-6-8 рет<br>3. «Шығыршықты иықтың артына қой» жаттығуы. Б.қ.- аяқты сәл алшақ қойып, шығыршықты төмен түсіріп ұстап тұру.1-шығыршықты жоғары көтеру. 2-иықтың<br>арт жағында ұстау, 3- шығыршықты жоғары көтеру. 4 - б.қ.-6-8 рет<br>4. «Оңға, солға» жаттығуы. Б.қ.- тізерлеп шығыршықты жоғары көтеріп тұру. 1- еденге оң жағымен отыру. 2-шығыршықты иық тұсына қою. 3-4- б.қ.-6-8 рет<br>5. «Бұрылу» жаттығуы. Б.қ.- шығыршық ішінде аяқты<br>бүгіп, арттан тіреліп отыру.1- аяқты алға созу. 2-б.қ. 2 рет. Бөкседе отырып, оңға 90гр., 180 гр. Бұрылу-6-8 рет<br>6. «Шығыршықты көтер» жаттығуы. Б.қ.- н.т., шығыршық еденде жатыр.1-алға иіліп, шығыршықты алып, жоғары көтеру. 2-б.қ. 3- алға иіліп, шығыршықты алып, жоғары көтеріп оң аяқтың ұшын артқа созып,<br>еденге қою. 4-б.қ.-6-8 рет<br>7. «Шығыршықпен жүр» жаттығуы. Б.қ.- н.т.,<br>шығыршықтың жиегіне башпайларын өкшеге қарай бүгіп тұру. Осы қалыпта шығыршықтың қырымен жүру<br>**Ертеңгілік жаттығудың денсаулыққа пайдасы туралы түсінік қалыптастыру, таңертеңгі жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру**<br>**Салауатты өмір салтын қалыптастыру** |
| **Таңғы ас** | Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау<br>**Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.**<br>Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>Балаларды кезекшілікке жауапкершілікпен қарауға,үлкендерге көмектесуге баулу;<br>Асхана және табиғат бұрышы бойынша міндеттермен байланысты тапсырмаларды орындау кезінде балалар ас блогына тек қана ересекпен бірге бара алады; балалардың ыстық тамақты, суды және басқа да ыстық заттарды алып жүруіне қатаң тыйым салынады.<br>Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: дұрыс тамақтану, қимылдар, ұйқы және күн, ауа мен су және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту<br>**Салауатты өмір салтын қалыптастыру**<br>Астарың дәмді болсын!<br>Астан кейін беті-қолын жуып, сүртінуге дағдыландыру, тазалыққа баулу<br>**Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**<br>Топта тазалық сақтауға, кезекшілік міндеттерін жауапкершілікпен атқаруға баулу<br>**Сөйлеуді дамыту Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті,**<br>**«Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру<br>Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері<br>**Төтенше жағдай дегеніміз не?**<br>Төтенше жағдайлар -өрт, жер сілкінісі, су тасқыны сияқты кенеттен ,төтенше болған табиғи апат ТЖ болған кезде үрейленбеу керек.<br>Жер сілкінісі болған кезде-терезелерге жақындауға болмайды! |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | -үстелдің астына отырып,қолмен басты жабу керек<br>-Биік шкафтарға жақындамау<br>**Қауіпсіздік ережесі.** | | | | |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | **Дене тәрбиесі**<br>Жоспары денешынықтыру нұсқаушысында | **Музыка**<br>Жоспары ән-күй маманында | **Дене тәрбиесі**<br>Жоспары денешынықтыру нұсқаушысында | **Музыка**<br>Жоспары ән-күй маманында<br><br>**Қазақ тілі**<br>Жоспары қазақ тілі маманында | **Дене тәрбиесі** Жоспары денешынықтыру нұсқаушысында<br>. |
| *Кіріктірілген ҰІӘ* | **Тар жолақтарды көлденеңінен қию және шаршының бұрыштарын қиюды үйрету**<br>**Міндеті :** Қағазды қию әдістерін үйрету.<br>Балаларға қағаздың тар жолақтарын көлденеңінен қиюды үйрету.Шаршының бұрыштарын қию арқылы жаңа фигуралар жасау, жапсыру<br>***Жапсыру***<br>**«Құрылысшы»**: Балалар әртүрлі құрылыс бөлшектерінен нысандарды құрастырып, оларды атауға үйренеді.<br>**Құрастыру**<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру.** | | **«Қандай пішін?»** ойыны:<br>Тәрбиеші пішіндермен ойыншықтарды көрсетіп, балалардан олардың атауын сұрайды, кейін көлемдерін салыстырады.<br>**Математика негіздері**<br>**«Тегісте және жаса»**: Балаларға ермексаздан фигуралар жасауға тапсырма беріледі, содан кейін олар беттерін тегістейді.<br>**Мүсіндеу** | **«Қиып, құрастырайық»**: Балаларға қағазды көлденеңінен қиып, олардан жаңа пішіндер жасауға тапсырма беріледі.Қиылған қағаздарды құрастырып жапсырады<br>**Жапсыру, құрастыру**<br>**«Тегістеу шебері»**: Әр бала өз пішінін жасап, оны тегістеу үшін түрлі құралдарды пайдаланады, содан кейін пішіндер мен мүсіндерді топта көрсетеді.<br>**Мүсіндеу** | **Міндеті :** Құрылыс бөлшектерін (текше, пластина, кірпіш, блок) ажырата білу.<br>Балаларға құрылыс бөлшектері беріледі<br>(текше, пластина, кірпіш, блок), оларды қолданып, әр бөлшектің түрін анықтайды.<br>**Математика негіздері**<br>Құрылыс бөлшектерінен қарапайым үйлер немесе басқа нысандар құрастырады. **Құрастыру**<br>Балаларға әртүрлі пішіндегі заттар беріледі<br>(дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш) және оларды бөлшектеп, пішіндерді атауды сұрау.Суретін салғызып үйрету<br>**Сурет салу** |
| **Серуенге дайындық** | **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**<br>Балалардың жеке гигиена талаптарын сақтауын бақылауды қамтамасыз ету (лас заттарды ұстауға, қарды, мұзды ауызға салуға, бір-біріне құм немесе топырақ лақтыруға тыйым салынады).<br>Қыс мезгілі болғандықтан,сырғанақта құлап қалу қаупі жоғары екенін ескерту, тербелу, өрмелеу, биіктіктен секіруге рұқсат етілмейтінін ескерту. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қыс мезгілінде мұзды жолдармен сырғанауға, шанамен сырғанауға тек тәрбиеші рұқсат берген орында ғана болатынын ескерту.<br>Серуен барысында шатыр және ғимаратқа өте жақын жүрмеу,ойнамау қажет<br>Қоршаған ортада, табиғатта тәртіп ережелерін білу Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын меңгеру (электр құралдарынан сақ болу, өз бетінше от жақпау, сіріңкемен ойнамау, терезенің алдына шықпау, баспалдаққа көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау ):**Қауіпсіздік ережесі**. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы**<br>Қоғамдық орындарда мінез-құлық ережелері туралы; үйдегі, балабақша тобындағы міндеттері туралы түсініктерін кеңейту<br>**Желтоқсан-Бірлік және ынтымақ айы.**<br>Серуен барысында және барлық іс-әрекет кезінде бір-біріне көмектесу,достық қолын созу керектігін ескерту.<br>Бірі-бірімен достық қарым –қатынас жасап,бірге ойнау,бір-бірін ренжітпеу керектігін ескерту | | | | |
| **Серуен** | **Қырауды бақылау**<br>Мақсаты:балаларға қыраудың қалай болатынын айтып кету. Қырау түскен ағаштарды бақылау. Темір затқа үрлеп көрейік. Оған қырау түсті, біздің буымыз суықтан қырауға айналды. Сонымен қырау -бұл кәдімгі бу, ол әйнек шынысына, ағаш бұтақтарында, бұтақтарында, басқа заттарда қатып, қырауға айналған. Қырау әлетте күннің ашығында пайда болады.<br>***Жеке жұмыс***<br>Жұмбақ:<br>Қант сияқты ақ,<br>Ұлпа боп жерде<br>жатады. (қар)<br>**Қимылды ойын:**<br>**«Суықторғайлар»**<br>Мақсаты:қимылды жаттығуларды жасауды үйрету, тапқырлық таныта білу.<br>**Еңбек:** бір- біріне кедергі жасамай, жұмыс істеуге | | **Мұз сүңгісін бақылау**<br>Мақсаты: балаларға мұздың қасиеті туралы мол түсінік беру. Байқағыштық қасиетті қалыптастырып, іске баға беріп, қортынды жасай білуге үйрету.<br>Сұрақтар:<br>Сүңгі мұз жөнінде не айтуға болады?<br>Ол қандай? (Сәбіз сияқты)<br>Сүңгі мұз қай жерде, пайда болады?<br>Күнгей жақта ма, әлде к<br>өлеңке жақта ма?<br>***Жеке жұмыс***<br>Тақпақ :<br>Көл бетінде жатыр айдын-мұзойнақ,<br>Қыстың өзі жасағандай бізді ойлап,<br>Шаңғы теуіп жарысамыз желменен,<br>Күнде осында қызықтаймыз біз ойнап. *Мұзафар Әлімбаев*<br>**Қимылды ойын:**<br>**«Үйсіз қалған қоян»**<br>Мақсаты: ойынның тәртібін сақтай отырып, секіріп алға жүгіру. | **Қайың ағашын бақылау**<br>Мақсаты: қайың ағашының қысқы көркін бақылау.<br>Балаларды табиғаттың қорғаушысы болуға тәрбиелеу.<br>Тапсырма:ағаш туралы суреттер бойынша шығармашылық әңгіме құрастыру. Әр балаға ағаш суреттері таратылады.<br>***Жеке жұмыс***<br>Тақпақ:<br>Ағаштар тұр жүдеп,<br>Жапырақ сәні енеді.<br>Соғады жел үдеп,<br>Қыстың кеп сәлемі.<br>Жұмбақ: Жазда жатсаң көлеңкесіне алады,<br>Қыста жақсаң, жаның рахат табады. (Ағаш)<br>**Қимылды ойын:**<br>**«Апандағы аю»**<br>Мақсаты: зеректікке, ептілікке баулу.<br>**Еңбек:** қайың ағашының түбіне қар жинау<br>**Қарым- қатынас** | **Терезедегі өрнектерді бақылау**<br>Мақсаты:балаларға құбылысты түсіндіру. Олардың ойын толықтыру. Терезедегі өрнектердің қалай пайда болғаны жайында түсінік беру.<br>Тапсырма: трафареттің көмегімен<br>«Аяз атаның терезеге салған келемежді суреттері» атты ұжымдық жұмыс жасау.<br>Тақпақ:<br>Бір топ бала сырғанап,<br>Барады әне жарысып.<br>Қалды артта атырап<br>Іздерінен қар ұшып<br>***Жеке жұмыс***<br>Жұмбақ:<br>Отта жанбайды<br>Суда батпайды. ( Мұз)<br>**Қимылды ойын:** «Айлакер түлкі»<br>Мақсаты: оңды – солды жалтақтап қарай жүгіруге жаттығу.<br>**Еңбек:** қардан бекініс жасауды үйрету.<br>**Қарым- қатынас іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қыс мезгілінде мұзды жолдармен сырғанауға, шанамен сырғанауға тек тәрбиеші рұқсат берген орында ғана болатынын ескерту.<br>Серуен барысында шатыр және ғимаратқа өте жақын жүрмеу,ойнамау қажет<br>Қоршаған ортада, табиғатта тәртіп ережелерін білу Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын меңгеру (электр құралдарынан сақ болу, өз бетінше от жақпау, сіріңкемен ойнамау, терезенің алдына шықпау, баспалдаққа көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау ):**Қауіпсіздік ережесі**. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы**<br>Қоғамдық орындарда мінез-құлық ережелері туралы; үйдегі, балабақша тобындағы міндеттері туралы түсініктерін кеңейту<br>***Желтоқсан-Бірлік және ынтымақ айы.***<br>Серуен барысында және барлық іс-әрекет кезінде бір-біріне көмектесу,достық қолын созу керектігін ескерту.<br>Бірі-бірімен достық қарым –қатынас жасап,бірге ойнау,бір-бірін ренжітпеу керектігін ескерту | | | | |
| **Серуен** | **Қырауды бақылау**<br>Мақсаты:балаларға қыраудың қалай болатынын айтып кету. Қырау түскен ағаштарды бақылау. Темір затқа үрлеп көрейік. Оған қырау түсті, біздің буымыз суықтан қырауға айналды. Сонымен қырау -бұл кәдімгі бу, ол әйнек шынысына, ағаш бұтақтарында, бұтақтарында, басқа заттарда қатып, қырауға айналған. Қырау әдетте күннің ашығында пайда болады.<br>***Жеке жұмыс***<br>Жұмбақ:<br>Қант сияқты ақ,<br>Ұлпа боп жерде<br>жатады. (қар)<br>**Қимылды ойын: «Суықторғайлар»**<br>Мақсаты:қимылды Жаттығуларды жасауды үйрету, тапқырлық таныта білу.<br>**Еңбек:** бір- біріне кедергі жасамай, жұмыс істеуге | | **Мұз сүңгісін бақылау**<br>Мақсаты: балаларға мұздың қасиеті туралы мол түсінік беру. Байқағыштық қасиетті қалыптастырып, іске баға беріп, қортынды жасай білуге үйрету.<br>Сұрақтар:<br>Сүңгі мұз жөнінде не айтуға болады?<br>Ол қандай? (Сәбіз сияқты)<br>Сүңгі мұз қай жерде, пайда болады?<br>Күнгей жақта ма, әлде к өлеңке жақта ма?<br>***Жеке жұмыс***<br>Тақпақ :<br>Көл бетінде жатыр айдын-мұзойнақ,<br>Қыстың өзі жасағандай бізді ойлап,<br>Шаңғы теуіп жарысамыз желменен,<br>Күнде осында қызықтаймыз біз ойнап. *Мұзафар Әлімбаев*<br>**Қимылды ойын: «Үйсіз қалған қоян»**<br>Мақсаты: ойынның тәртібін сақтай отырып, секіріп алға жүгіру. | **Қайың ағашын бақылау**<br>Мақсаты: қайың ағашының қысқы көркін бақылау.<br>Балаларды табиғаттың қорғаушысы болуға тәрбиелеу.<br>Тапсырма:ағаш туралы суреттер бойынша шығармашылық әңгіме құрастыру. Әр балаға ағаш суреттері таратылады.<br>***Жеке жұмыс***<br>Тақпақ:<br>Ағаштар тұр<br>жүдеп,<br>Жапырақ сәні<br>енеді.<br>Соғады жел үдеп,<br>Қыстың кеп<br>сәлемі.<br>Жұмбақ: Жазда жатсаң көлеңкесіне алады,<br>Қыста жақсаң, жаның рахат табады. (Ағаш)<br>**Қимылды ойын: «Апандағы аю»**<br>Мақсаты: зеректікке, ептілікке баулу.<br>**Еңбек:** қайың ағашының түбіне қар жинау<br>**Қарым- қатынас** | **Терезедегі өрнектерді бақылау**<br>Мақсаты:балаларға құбылысты түсіндіру. Олардың ойын толықтыру. Терезедегі өрнектердің қалай пайда болғаны жайында түсінік беру.<br>Тапсырма: трафареттің көмегімен<br>«Аяз атаның терезеге салған келемежді суреттері» атты ұжымдық жұмыс жасау.<br>Тақпақ:<br>Бір топ бала сырғанап,<br>Барады әне жарысып.<br>Қалды артта атырап<br>Іздерінен қар ұшып<br>***Жеке жұмыс***<br>Жұмбақ:<br>Отта жанбайды<br>Суда батпайды. ( Мұз)<br>**Қимылды ойын:** «Айлакер түлкі»<br>Мақсаты: оңды – солды жалтақтап қарай жүгіруге жаттығу.<br>**Еңбек:** қардан бекініс жасауды үйрету.<br>**Қарым- қатынас іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | үйрету.<br>**Қарым- қатынас іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет,физикалық дағды** | | **Еңбек:** «Мұз жерлерге құм себу»<br>**Қарым- қатынас іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет,физикалық дағды** | **іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті** | |
| **Серуеннен оралу** | Балабақша ауласында, жақын маңдағы шағын ауданда еркін бағдарлай білуге баулу,серуеннен оралу барысында саппен қол ұстасып,топ бөлмесіне бақшаның оң жақ немесе сол жағынан жүріп үйрету.<br>Балаға серуеннен рұқсатсыз топ бөлмесіне не сыртқа кетіп қалуға болмайтынын ескерту.<br>Сырғанақ,қабыршақты мұз жолдарымен жүрмей,тәрбиеші қадағалауымен таза жолмен жүру..<br>**Қауіпсіздік ережесі**<br>**Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.**<br>Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау<br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары .**<br>Және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру.<br>Топқа келгенде айнаға қарау,шашын тарау,киімдерін ретке келтіру дағдысын қалыптастыру. Қажет болған жағдайда (терлеген,кір болған жағдайда) шкафтан киімдерін ауыстыру.<br>Балалардың бір-біріне көмектесуін мадақтап отыру. | | | | |
| **Түскі ас** | **Өзіне-өзі және достарына көмектесу, қызмет ету дағдысын қалыптастыру.**<br>Таза суды сүйемін<br>Тап-таза болып жүремін<br>Мұрын, ауыз қолымды<br>Күнде жуып жүремін<br>Асхана кезекшілері өз міндеттерін орындау.<br>*Асхана және табиғат бұрышы бойынша міндеттермен байланысты тапсырмаларды орындау кезінде балалар ас блогына тек қана ересекпен бірге бара алады; балалардың ыстық тамақты, суды және басқа да ыстық заттарды алып жүруіне қатаң тыйым салынатынын ескерту.* ***Қауіпсіздік ережесі***<br>2.Гигиеналық шаралардың дұрыс жүргізуін қадағалау.<br>3.Өз- өзіне дұрыс қызмет көрсету.Жеңін қайырып бойын түзу ұстап отыру.<br>**Тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктерін ескеру (оның ішінде олардың жекелеген азық-түлікті және тағамды ішпейтінін).**<br>Көркем сөз айту.<br>Ас ішерде күнде біз<br>Сөйлемейміз,күлмейміз<br>Астан басқа өзгені<br>Елемейміз білмейміз<br>Астарың дәмді болсын!<br>Дұрыс тамақтану ережелері : | | | | |

| | |
|---|---|
| | **Сөйлеуді дамыту.**<br>Балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**<br>Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу.<br>Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау.<br>Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау.<br>Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту.<br>*Тамақтанып болғаннан кейін тәрбиеленушілердің ауызды шаюын ұйымдастыру керек. Балаларға аузындағы тамақ, сағыз, кәмпиттер және т.б. ұйықтауға жол бермеу,* ***Қауіпсіздік ережесі***<br>Балаларды үстел басында тамақты күтіп отыруға немесе тамақтанғаннан кейін үстел басында отыруға мәжбүрлеуге болмайды. Балалар мынадай ережені білуі қажет: тамақ ішіп болғаннан кейін алғыс айту және басқалары тамақтанып болғанша ойнауына болады.<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** |
| **Күндізгі ұйқы** | Ұйқыға дайындықты баяу музыкамен бастауға болады, музыка ырғағымен балалар өздігінен шешінуді, жатын бөлмеге кіріп, кереуетке жатуды әдетке айналдырады. Баяу музыка белсенділікті және қозғыштықты төмендетуге, баланы тыныштандыруға әсер етеді.<br>Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру<br>Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету.<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін баяу музыка тыңдау. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>«Жыл басына таласқан жануарлар » қазақ халық ертегісін оқып беру.<br>Танымдық әңгімелерді, сондай-ақ көлемді көркем шығармаларды оқып беруге болады<br>**Шығармашылық.Коммуникативті дағдыларды дамыту.** |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | **Біртіндеп ояту:** Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту.<br>Аунап, құнап алайық<br>Бойымызды жазайық,<br>Қолымызды созайық,<br>Жаттығулар жасайық :<br>*«Ұшақ»: қолды екі жаққа, алақандарынды жоғары қою.*<br>*Басты жоғары көтеру- дем алу.*<br>*«Жжж...» (дем шығару) деп айта отырып, жан- жаққа бұрылыс жасау, тік тұру, қолды жіберу, пауза.*<br>*Мұрынмен дем алу, ауызда «түтікшелеп» дыбыспен бір уақытта ұзақ дем шығару. 2-4 рет қайталау.*<br>**Сөйлеуді дамыту. Көркем әдебиет**<br>**Гимнастикалық жолдан жүру**<br>Жүреміз күнде біз,<br>Сауықшыл ізіміз<br>Шынығып табаным,<br>Желаяқ боламын<br>**(дене жаттығулар мен белсенділігі)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. (**өзіне-өзі қызмет егу дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>**Мәдени-гиг.дағдылар:** Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (**тазалыққа баулу**). | | | | |
| **Бесін ас** | Балаларды кезекшілікпен дұрыс айналысуға ,епті қимылдауға, тарелке, қасықтарды дұрыс қоюға үйрету.<br>Гигиеналық шараларды дұрыс орындауын қадағалау. Бір- біріне кедергі жасамай мәдениетті отыруға баулу, балалардың назарын тағамға аудару.<br>**Астарың дәмді болсын!** Гигиеналық шаралар!<br>Қолдарын таза жууға , үстерін өздігінен дұрыс ұстауын қадағалау.<br>Балаларды асқа шақыру<br>Тамақтарын төкпей, шашпай қасындағы досына кедергі жасамауға үйрету.<br>Ас ішіп болғасын<br>«<br>Балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | **Үстел үсті ойыны:**<br>**Не естіледі?**<br>Балалар көздерін жұмып, педагогке арқасымен қарап, шеңбер құрып немесе еденде отырады. Педагог балаларға таныс түрлі ойыншықтар, аспап, затпен (қоңырау, сылдырмақ, барабан т.б.) дыбыс шығарып, «не естіледі?» деп сұрақ қояды. Балалар қандай заттың: ойыншық, аспап, затпен (қоңырау, сылдырмақ, барабан т.б.) дыбыс шығарғанын атайды **(танымдық – зияткерлік,** | | **Үстел үсті ойыны.**<br>**Мозаика құрастыру.**<br>**Топтық жұмыс**<br>Өздері ұнататын ертегі бойынша кітап бұрышында мозаика құрастыру.<br>Мақсаты: балалардың бір –біріне көмектесуі арқылы достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу**(танымдық – зияткерлік, коммуникативтік іс-әрекет,шығармашылық)** | Еңбек іс-әрекеті<br>**«Шаңыраққа көмектесейік»**<br>Мақсаты:<br>Ұлттық құндылық ретінде еңбекке баулу, ұжымдық жұмысқа үйрету.<br>Іс-әрекет: Балалар шаңырақ макетін құрастырып, оның бөліктерінің атауын үйренеді.<br>**Ұлттық құндылықты дамыту** | **«Көршіңе бер»**<br>Балалар бір-бірінен бір адым қашықтықта тұрады. Ойын жүргізуші шеңбердің сыртында. Ойыншылар затты, допты біресе оңға, біресе солға қарай бір-біріне береді.<br>**Ойын жүргізушінің мақсаты** – бір-біріне беретін затқа, допқа қол тигізу. Егер ойын жүргізуші затқа, допқа қол тигізсе, онда затты беріп жатқан бала - Ойын жүргізуші болады<br>**Аз қимылды ойын** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **коммуникативтік іс-әрекет)** | | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Бибиталин Арслан**<br>«Санның көршісі»сандар тізбегінен санның оң жақ және сол жақ көршісін табу<br>***Танымдық дағды*** | | **Наурызгалиев Умар**<br>Мақсаты: сөздік қорын молайту**.** Өзінің отбасы, отбасылық мерекелер, отбасындағы қызықты оқиғалар, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу ***Коммуникативті дағды*** | **Сисенғали Балым**<br>Жыл мезгілдері,қыс мезгілі туралы кітаптар қарау,қызықтыру.<br>***Қоршаған әлеммен таныстыру.***<br>***Әлеуметтік-эмоционалды дағды*** | **Тугелбаев Аңсар**<br>мүсіндеу іс-әрекетіне ерекше қызығушылығына көңіл бөлу,қиялын шыңдау..Ермексазды ұқыпты пайдалана білуге үйрету.<br>***Шығармашылық іс-әрекет*** |
| **Серуенге дайындық** | Серуенде ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: дұрыс тамақтану, қимылдар, ұйқы және күн, ауа мен су және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту.. (**тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**).<br>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру.** Қоршаған ортада, табиғатта тәртіп ережелерін білу; өз өмірінің қауіпсіздігін сақтау (бейтаныс адамдармен сөйлеспеу, ойнамау, бөтен машиналарға отырмау, бейтаныс адамдардың өтініштерін орындамау, олардың соңынан ермеу).<br>**Қауіпсіздік ережесі.**<br>Қоқысты жинау,оны қоқыс жәшігіне салу, қоқыс төгетін орын мен қоқыс жиынтығы экологиялық қауіптің маңызды көзі болып табылатынына көңіл аудару.<br>**Экологиялық мәдениеттің негіздерін қалыптастыру** | | | | |
| **Серуен** | **«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»**<br>**Табан мен шортан**<br>Ойын ойнаушылар «тастар» және «шортандар» болып, екі топқа бөлінеді. «Тастар» шеңбер құрып, дөңгелене тұрады, ал «табандар» шеңбер ішінде жүзіп жүреді. Бір бала «шортан» болып сайланып, ол шеңбердің сыртында | | **«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»**<br>**Жүгіру**<br>Бір-бірінен 40-50 м қашықтықта екі сызық сызылады ( немесе екі ағаш/ бағана белгіленеді). Ойыншылар орта шапшаңдықпен сызықтан сызыққа ( немесе бір ағаштан екінші ағашқа/ бағана) жүгіреді. | **«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»**<br>**Бос орын**<br>Ойыншылар дөңгелене тұрып, қолдарын белге қойып (терезе тәріздес ) тұрады. Бастаушы сайланып, ол шеңберді сыртынан айнала жүріп:<br>– Үйді айнала жүремін,<br>Терезеден қараймын<br>Бір терезеге барып<br>Ақырын ғана<br>Терезені қағамын, – деп тоқтап, қарсы тоқтаған | **«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»**<br>**Бәйге**<br>Ойын ойнаушылар бір-біріне кедергі жасамайтындай жұптасып (ат, атбегі немесе шабандоз) мәре сызығына тұрады. Бірінші ойыншы – «ат» қолын артқа қарай созып, ал екінші ойыншы – атбегі оның қолынан ұстап тұрады. Осылайша екеуі жұптасып жүгіреді. Бірінші келген атбегі ілулі тұрған оюлы орамалды секіріп алуы керек. Ойын ережесі: жарыс тек белгі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | болады. Педагогтің «Шортан!» деген белгісі бойынша «шортан» жылдам шеңберге кіріп, «табандарды» ұстап алуға әрекет жасайды. «Табандар» шеңбер жасап тұрған тастардың артына тығылып отырады. «Шортан» тығылып үлгермеген «табандары» ұстайды. Ұсталған «табандар» шеңбердің сыртына шығып тұрады. | | Сызықтан сызыққа дейін жүгіріп барып, бұрылып кері жүгіреді. Осылай төзімді ойыншы қалғанша жалғасып, соңында жеңімпаз бала анықталады | терезеге үңіле қарап терезені қағып: «Тырс, тырс,тырс», – дейді. Алдында тұрған бала: – Кім келген? – дейді. Бастаушы өзінің атын айтады. – Неменеге келдің? – Жарысайық, – дейді. Содан соң екеуі екі жаққа ойыншыларды айнала жүгіреді. Кім бірінші келіп орынға тұрса, сол шеңберде қалады, ал орынсыз қалған бастаушы болып ойын жалғасады | бойынша басталады. Орамалды атбегі ғана алады. |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (**көркем әдебиет, дербес ойын әрекеті**). Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. (**Сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).Көркем әдебиет, дербес ойын әрекеті.** | | | | |
| **Кешкі ас** | Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (қимылдық ұлттық, сюжеттік-рөлдік, үстел үсті-баспа, тағы басқа ойындар, кітап оқу, бейнелеу)** | **«Паровоз»**<br>*Ойынның мақсаты:* ұжымда үйлесімділікті, бірлікті қалыптастыру.<br>Тәрбиеші балаларға өз тобының балалары тату, мейірімді, адал болуын тілейтінін айта отырып, паровоз ойынын ойнауды ұсынады, онда «вагондар» бір- бірін шынтағынан ұстайтынын көрсетеді. Паровоз әртүрлі қарқынмен, ырғақпен кедергілерарқылыжүреді. Балалардыңырғақты ән айтуларына болады. Ойынның шарты қолдарынан жібермей, біртұтас команда ретінде әрекет ету.<br>**Шығармашылық:**балалар көліктерді ,пойыз бен паровозды лего құрастырғышынан құрастырады.<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру.**Балалармен бірге пойызбен еліміздің басқа қалаларына қыдырып бару,кең байтақ жерімізді пойызбен аралау ұсынылады.<br>**Көркем әдебиет. Менің елім-Қазақстан**<br>Менің елім-Қазақстан,<br>Бейбітшілік мекені.<br>Еш жерден де таппайсың,<br>Дәл осындай өлкені.<br>Желбіреді көк туым, | | | | |

| | |
|---|---|
| | Шырқалды Әнұраным.<br>Елдігіміз-Елтаңбам,<br>Қалықтайды қыраным.<br>Азат елмін,еркінмін,<br>Тәуелсіздік-айбарым.<br>Ашық болып аспаным,<br>Желбіресін байрағым. *Қалмашева Жадыра*<br>**Сөйлеуді дамыту.Танымдық-зерттеушілік іс-әрекет.Шығармашылық**<br>**«Адалдық әліппесі»** |
| **Балалардың үйге қайтуы** | **Өнегелі 15 минут**<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса –кез келген ортаға, келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз<br>**Ата-анаға кеңес** : балалардың қалталарын үнемі бақылап отыруды айтуы, яғни олардың сіріңкелерді, дәрі-дәрмектер мен өткір заттарды және олардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін заттарды пайдалануын болдырмау үшін жұмыс жүргізу жөнінде кеңес беру.<br>**Қауіпсіздік ережесі**. |

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Желтоқсан айы 2025 жыл 4 апта**

**Желтоқсан-Бірлік және ынтымақ айы.**

- Отбасында, балабақшада қауіпсіз мінез-құлық нормаларын білу
- Басқа балалармен сөйлесуге және олармен ортақ тіл табуға дайын болу
- Ойы мен сезімдерін білдіре алу қабілетінің болуы

**«Ынтымақ-бұзылмайтын қорған»**

Топ: «Самұрық» ересек топ

Тәрбиешісі:Рахатова А.Б

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 22.12.2025ж | Сейсенбі 23.12.2025 ж | Сәрсенбі 24.12.2025ж | Бейсенбі 25.12.2025ж | Жұма 26.12.2025ж |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату<br>**Психогимнастика**<br>**«Бүгін өзіңді қалай сезінесің?»**<br>Балаларға әртүрлі көңіл-күй реңктері бейнеленген карта ұсынылады.<br>Балалар оның көңіл-күйіне, досының, анасының, мысықтың және т. б. көңіл-күйіне ұқсас біреуін таңдайды<br>Міндеттері: қарым - қатынас дағдысын жетілдіру.<br>**Тіл дамыту - Коммуникативтік дағды.**<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру- Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру**<br>**Өнегелі-15 минут**<br>«Ынтымақ -бұзылмайтын қорған»<br>Мәтелді жаттау,мағынасын түсіну.<br>«Табиғат бұрышында» бірлесе еңбектену, өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес күтім жасау әдістерін білу: оларды суару, түбін қопсыту, бір-біріне көмектесу және нәтижесіне бірге қуану-ынтымақ болған жерде болатынын түсіндіру.<br>Аквариумдар, тордағы жануарлар және табиғат бұрышындағы бөлме өсімдіктері бала еденде тұрып оларға күтім жасай алатындай етіп орналастырылады; өсімдіктерді суару кезінде балалардың киіміне, жеңдеріне су ағып кетпеуі үшін су құйғышты кеудесінің деңгейінен төмен ұстауы керек.-**Қауіпсіздік ережесі**.<br>**«Адал азамат»біртұтас тәрбие бағдарламасы.**<br>**Күй күмбірі «Балбырауын » күйі**<br>**Сөйлеуді дамыту, коммуникативтік дағды**<br>**Өнегелі-15 минут** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | - **Ата-аналарға кеңес.** Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие берудің бастапқы кезеңінде балаларға:<br>-қағаздың екі жағына сурет салуын, оны толығымен қолдануды, егер сурет ойдағыдай шықпаса, қағаздан бұйымдар жасауды;<br>- элементтерді ортасынан емес, шетінен бастап қию арқылы қағазды үнемдеуді;<br>- қарындаштарды сатып алғанда, оларды пластик емес, қағаз қораптарда болуына назар аударуды, қарындаштармен сурет салуды;<br>-ата-анасынан ағаш ойыншықтар мен басқа да төзімді табиғи материалдардан жасалған заттарды сатып алуын сұрауды түсіндіру | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қажет<br>**Экологиялық тәрбие жөнінде кеңес беру.Қауіпсіздік ережесі.** | | | | |
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары** | **«Ойыншық дүкені»сюжетті-рөлдік ойыны**<br>**Мақсаты:** Балаларды еңбекке, еңбекті құрметтей білуге, сыпайыгершілікке, ізгілікке, адалдыққа баулу.<br>**Ойын шарты:**<br>Балаларды рөлдерге бөлу: 2 бала сатушы, 1 бала кассир, қалғандары тұтынушылар<br>Ойыншық сөресінің жанына үстел қойылып, сөреде «Дүкен» деген жазу ілулі тұрады. Кассирдің алдында есепшот, ақша салатын қорап, ақ қағаз, қарындаш.<br>Ойыншық алғысы келген балалар ең әуелі кассирге ақшасын төлейді. Не алғысы келетінін айтады. Кассир чек жазып береді. Чекті алып сатушыға береді. Сатушы «тағы да келіп тұрыңыз» - дейді.<br>Тәрбиеші ойынға жалпы басшылық жасайды<br>**Қаржылық** | **«Түсті таңда» дидактикалық ойыны**<br>Міндеттері: балалар тобында және ересектер арасында баланың өз-өзін дәлелдеуіне жағдай жасау; антоним — сөздердің қорын кеңейту және оларды белгілі бір жағдайларда қолдануға үйрету.<br>Дайындық жұмыстары. Педагог балаларға В. Маяковскийдің «Жақсы деген немене, жаман деген немене ?» өлеңін оқиды.<br>Содан кейін ол балаларға 2 түсті карточкаларды: ақ және қара карточкаларды таратады және карточканың түсін «жақсы» (ақ) және «жаман» (қара) сөзіне сәйкестендіруді ұсынады.<br>Педагог сөздерді атайды, ал балалар антоним-сөздер үшін қажетті түстерді таңдайды және көрсетеді.<br>Жақсылық-жамандық қайғы-қуаныш, жақсы-жаман, | **Сюжетті – рөлдік ойын.«Дәмхана»**<br>**Мақсаты :**<br>Азық-түлікпен жұмыс істейтін жұмыскерлердің еңбегі жайында түсініктерін молайту.<br>Балаларға рөлдерге бөлініп,сол рөл бойынша әрекет етуге үйрету,өздеріне керекті нәрсені құруға үйретіп ,балалардын мейрімділік қарым-қатынасын орнату .Балаларға ойында қоршаған әлемнен алған білімдерін көрсете білуге үйрету .<br>**Жағдаят:**<br>Үстелді таңдау;<br>Ас мәзірімен танысу;<br>Тапсырысты қабылдау ;<br>Тапсырысты орындау;<br>Менеджермен жұмыс (шағым,алғыстар);<br>Тапсырысқа төлеу;<br>Үстелді жинап ,ыдыс аяқ жуу<br>**Ерте кәсіптік бағыт беру.** | **«Құтқарушылар» қимылды ойыны**(өмір сүру құқығын бекіту).<br>Ойыншықтар құрсауға қойылады: олар адам тұрмайтын аралға немесе өртеніп жатқан үйге тап болды. Тәрбиеші тапсырма береді: құрсауға жетіп, ойыншықтарды құтқару. Әр жолы балалар түрлі қимылдар жасайды (екі құрсаумен екі команда арасында эстафеталық ойындар өткізуге болады): «өрмекші», жұппен, қол ұстасып, көздерін жұмып және т.б.<br>.<br>**Құқықтық сауаттылық** | **«Қоқысты дұрыс сұрыпта»**<br>Мақсаты.балаларғақоқысты жинау,ажырату,дұрыс тастау мәдениетіне үйрету.<br>Қажетті құралдар:<br>3 қоқыс жәшігі:<br>1-жасыл-қағаз,<br>2-көк-пластик<br>3-сары-металл<br>Тәрбиеші қоқыстарды араластырып шашып қояды.<br>3 топқа бөлу және қай топ тез және дұрыс сұрыптаса- сол топ жеңімпаз болады.<br><br>**Экологиялық мәдениет қалыптастыру**. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **сауаттылық** | еңбекқорлық-<br>жалқаулық .<br>сараңдық –<br>жомарттық,т.с<br>**Адалдық әліппесі** | | | | |
| **Ертеңгілік жаттығу** | **«Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату,бірге орындау,жаттату**<br>**Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту Жаттығу :құралсыз**<br>**I.**Сапқа тұру,саппен жүру.Қолды жоғары көтеріп аяқтың ұшымен жүру,қолды белге қойып өкшемен жүру.<br>Үш топқа бөліну.<br>**II.**1.Б.қ. Қолды желкемізге ұстап басты оңға, солға бұру.<br>2.Б.к Н.т. қол алда, кеуде тұсында 1-2 қолды артқа қарай сермеу, 3-4 қолды созып сермеу. 4 – 5 рет<br>3.Б.қ Аяқ иық деңгейінде, қол белде 1 – қолды жоғары көтеру, 2 – еңкею, аяқ ұшын ұстау. 5 – 6 рет<br>4.Б.қ. Қол белде 1 – оң қолды бастан асырып сермеу, еңкею 2 – б.қ. 3-сол қолмен 5 – 6 рет<br>5.Б.қ. Аяқ бірге, қол жанда.1-оң тізені көтеру, екі қолмен құшақтау, кеудеге тақау, арқаны тіке ұстау. 4-5рет<br>6.Б.қ. Қол белде, аяқ бірге 1 – секіріп аяқты жанға сермеу. 2-б.қ. 6-рет.<br>**III.**Саппен жүру,терең демалып жүру<br>Үлкен болып өсеміз Уф-уф-уф<br>**Ертеңгілік жаттығудың денсаулыққа пайдасы туралы түсінік қалыптастыру, таңертеңгі жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру**<br>**Салауатты өмір салтын қалыптастыру** | | | | | |
| **Таңғы ас** | Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.**<br>Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю<br>Балаларды кезекшілікке жауапкершілікпен қарауға,үлкендерге көмектесуге баулу;<br>Адамның денсаулығы дұрыс тамақтануға байланысты екені туралы түсініктерді жетілдіру,таңғы асты тауысып жеудің пайдасы жөнінде айту.<br>**Салауатты өмір салтын қалыптастыру**<br>Астарың дәмді болсын!<br>Астан кейін беті-қолын жуып, сүртінуге дағдыландыру, тазалыққа баулу<br>**Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)** | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Топта тазалық сақтауға, кезекшілік міндеттерін жауапкершілікпен атқаруға баулу<br>**Сөйлеуді дамыту Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті,**<br>**«Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру<br>Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері<br>**«Тамшылар еліне саяхат»**<br>**Міндеттері**: тәжірибе арқылы судың қасиеттерімен танысу (сұйық,мөлдір,иіссіз, дәмсіз, ыдыстан төгілуі мүмкін).<br>Судың суықта қатуы-мұзға айналуы,<br>Судың адам өміріндегі маңызы туралы әңгімелесу.<br>Суды үнемді пайдалану керектігін айта кету.<br>**Танымдық-зерттеу әрекеті**<br>**«Адал азамат»«Бір тұтас тәрбие бағдарламасы»**<br>**«Үнемді тұтыну»** | | | | |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | **Дене тәрбиесі** Жоспары денешынықтыру нұсқаушысында | **Музыка** Жоспары ән-күй маманында | **Дене тәрбиесі** Жоспары денешынықтыру нұсқаушысында | **Қазақ тілі** Жоспары қазақ тілі маманында<br><br>**Музыка** Жоспары ән-күй маманында | **Дене тәрбиесі** Жоспары денешынықтыру нұсқаушысында |
| **Кіріктірілген ҰІӘ** | **"Түрлі- түсті денелер " Міндеті:** Балаларға негізгі геометриялық денелерді мүсіндеу және олардың түстерін ажыратуға үйрету.<br>**Құралдар:** Түрлі- түсті ермексаз.<br>**Өткізу барысы:** Балаларға куб, шар, | **"Ұзын жіп, қысқа жіп" ойыны**<br>**Мақсаты:** Ұзын және қысқа заттарды ажырата білу және "ұ" дыбысын дұрыс айту.<br>**Ойын барысы:** Балаларға ұзын және қысқа жіптер беріледі. Әр бала қолындағы жіптің ұзындығын айтып береді, | **"Үй құрастырайық" Міндеті:** Балаларға әртүрлі пішіндерден заттарды құрастырып үйрену.<br>**Құралдар:** Түрлі түсті геометриялық пішіндер (қызыл шаршы, жасыл | **"Ұяшықтарға орналастыр" ойыны**<br>**Мақсаты: "Ұ"** дыбысын анық айтуға үйрету және заттарды түсіне қарай топтастыру.<br>**Ойын барысы:** Балаларға түрлі түсті заттар мен сәйкес | **"Сиқырлы көлік құрастырайық" Міндеті:** Балалардың заттарды құрастыру қабілетін жетілдіру және қиялын дамыту.**Құралдар:** Қағаздан қиылған дөңгелектер, шаршылар, үшбұрыштар, желім, қайшы.<br>**Өткізу барысы:** Балалар әртүрлі пішіндерден көліктің түрлерін (машина, автобус, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | цилиндр- негізгі геометриялық денелерді мүсіндеуді ұсынып, сол денелерге сәйкес түстерді таңдауды үйрету. Балалар өз мүсіндерін жасай отырып, денелерді атап, олардың түсін сипаттайды. **Математика негіздері. Мүсіндеу** | мысалы: "Бұл ұзын жіп" немесе "Бұл қысқа жіп". Бұл жаттығу балаларды "ұ" дыбысын анық айтуға және ұзындықты түсінуге көмектеседі. **Тіл дамыту, сөздік қорды байыту, Математика негіздері.** | үшбұрыш, сары дөңгелек). **Өткізу барысы:** Балаларға шаршыдан үйдің қабырғасын, үшбұрыштан төбесін, дөңгелектен есігін құрастыру ұсынылады. Балалар пішіндерді реттеп, өз қолдарымен үй құрастырады Құрастырып шыққан пішіндерді жапсырады **Құрастыру . Математика негіздері** | түсті ұяшықтар ұсынылады. Балалар әр затты түсіне сәйкес ұяшыққа орналастырып, "ұяшық" сөзін айтып үйренеді. Мысалы, "Қызыл допты қызыл ұяшыққа салдым".<br><br>**Тіл дамыту, сөздік қорды байыту, Танымдық дағдылар** | пойыз) құрастырады. Олар көлікті құрастырып болған соң, қандай көлік екенін сипаттап айтады, жапсырады **Қоршаған әлеммен таныстыру. Шығармашылық** |
| **Серуенге дайындық** | **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**<br>Қыс мезгілі болғандықтан,сырғанақтан құлап кету қаупін ескерту. тербелу, өрмелеу, биіктіктен секіруге рұқсат етілмейтінін ескерту.<br>Серуен барысында шатыр және ғимаратқа өте жақын жүрмеу,ойнамау қажет<br>Қоршаған ортада, табиғатта тәртіп ережелерін білу; өз өмірінің қауіпсіздігін сақтау (бейтаныс адамдармен сөйлеспеу, ойнамау, бөтен машиналарға отырмау, бейтаныс адамдардың өтініштерін орындамау, олардың соңынан ермеу).<br>**Қауіпсіздік ережесі**. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы**<br>Қоғамдық орындарда мінез-құлық ережелері туралы; үйдегі, балабақша тобындағы міндеттері туралы түсініктерін кеңейту<br>**Желтоқсан-Бірлік және ынтымақ айы.**<br>Серуен барысында және барлық іс-әрекет кезінде бір-біріне көмектесу,достық қолын созу керектігін ескерту.<br>Бірі-бірімен достық қарым –қатынас жасап,бірге ойнау,бір-бірін ренжітпеу керектігін ескерту | | | | |
| | | | | | |
| **Серуен** | **Қырауды бақылау** Мақсаты:балаларға қыраудың қалай болатынын айтып кету. Қырау түскен ағаштарды бақылау. Темір затқа үрлеп көрейік. Оған қырау түсті, біздің буымыз | **Терезедегі өрнектерді бақылау** Мақсаты:балаларға құбылысты түсіндіру. Олардың ойын толықтыру. Терезедегі өрнектердің қалай | **Мұз сүңгісін бақылау** Мақсаты: балаларға мұздың қасиеті туралы мол түсінік беру. Байқағыштық қасиетті қалыптастырып, іске баға беріп, қортынды жасай білуге үйрету. Сұрақтар: | **Қайың ағашын бақылау** Мақсаты: қайың ағашының қысқы көркін бақылау. Балаларды табиғаттың қорғаушысы болуға тәрбиелеу. Тапсырма:ағаш туралы суреттер бойынша | **Терезедегі өрнектерді бақылау** Мақсаты:балаларға құбылысты түсіндіру. Олардың ойын толықтыру. Терезедегі өрнектердің қалай пайда болғаны жайында түсінік беру. Тапсырма: трафареттің көмегімен «Аяз атаның терезеге салған |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | суықтан қырауға айналды. Сонымен қырау -бұл кәдімгі бу, ол әйнек шынысына, ағаш бұтақтарында, бұтақтарында, басқа заттарда қатып, қырауға айналған. Қырау әдетте күннің ашығында пайда болады.<br>**Жеке жұмыс**<br>Жұмбақ:<br>Қант сияқты ақ,<br>Ұлпа боп жерде жатады. (қар)<br>**Қимылды ойын: «Суықторғайлар»**<br>Мақсаты:қимылды Жаттығуларды жасауды үйрету, тапқырлық таныта білу.<br>**Еңбек:** бір- біріне кедергі жасамай, жұмыс істеуге үйрету.<br>**Қарым- қатынас іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет,физикалық дағды** | пайда болғаны жайында түсінік беру.<br>Тапсырма: трафареттің көмегімен «Аяз атаның терезеге салған келемежді суреттері» атты ұжымдық жұмыс жасау.<br>Тақпақ:<br>Бір топ бала сырғанап,<br>Барады әне жарысып.<br>Қалды артта атырап<br>Іздерінен қар ұшып<br>**Жеке жұмыс**<br>Жұмбақ:<br>Отта жанбайды<br>Суда батпайды.<br>( Мұз)<br>**Қимылды ойын:** «Айлакер түлкі»<br>Мақсаты: онды – солды жалтақтап қарай жүгіруге жаттығу.<br>**Еңбек:** қардан бекініс жасауды үйрету.<br>**Қарым- қатынас іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті** | Сүңгі мұз жөнінде не айтуға болады?<br>Ол қандай? (Сәбіз сияқты)<br>Сүңгі мұз қай жерде, пайда болады?<br>Күнгей жақта ма, әлде к өленке жақта ма?<br>**Жеке жұмыс**<br>Тақпақ :<br>Көл бетінде жатыр айдын-мұзойнақ,<br>Қыстың өзі жасағандай бізді ойлап,<br>Шаңғы теуіп жарысамыз желменен,<br>Күнде осында қызықтаймыз біз ойнап. *Мұзафар Әлімбаев*<br>**Қимылды ойын: «Үйсіз қалған қоян»**<br>Мақсаты: ойынның тәртібін сақтай отырып, секіріп алға жүгіру.<br>**Еңбек:** «Мұз жерлерге құм себу»<br>**Қарым- қатынас іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет,физикалық дағды** | шығармашылық әңгіме құрастыру. Әр балаға ағаш суреттері таратылады.<br>**Жеке жұмыс**<br>Тақпақ:<br>Ағаштар тұр жүдеп,<br>Жапырақ сәні енеді.<br>Соғады жел үдеп,<br>Қыстың кеп сәлемі.<br>Жұмбақ: Жазда жатсаң көлеңкесіне алады,<br>Қыста жақсаң, жаның рахат табады. (Ағаш)<br>**Қимылды ойын: «Апандағы аю»**<br>Мақсаты: зеректікке, ептілікке баулу.<br>**Еңбек:** қайың ағашының түбіне қар жинау<br>**Қарым- қатынас іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті** | келемежді суреттері» агты ұжымдық жұмыс жасау.<br>Тақпақ:<br>Бір топ бала сырғанап,<br>Барады әне жарысып.<br>Қалды артта атырап<br>Іздерінен қар ұшып<br>**Жеке жұмыс**<br>Жұмбақ:<br>Отта жанбайды<br>Суда батпайды. ( Мұз)<br>**Қимылды ойын:** «Айлакер түлкі»<br>Мақсаты: онды – солды жалтақтап қарай жүгіруге жаттығу.<br>**Еңбек:** қардан бекініс жасауды үйрету.<br>**Қарым- қатынас іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті** |
| **Серуеннен оралу** | Балабақша ауласында, жақын маңдағы шағын ауданда еркін бағдарлай білуге баулу,серуеннен оралу барысында саппен қол ұстасып,топ бөлмесіне бақшаның оң жақ немесе сол жағынан жүріп үйрету. | | | | |

| | |
|---|---|
| | Балаға серуеннен рұқсатсыз топ бөлмесіне не сыртқа кетіп қалуға болмайтынын ескерту.<br>Қабыршақты мұз жолдарымен жүрмей,тәрбиеші қадағалауымен таза жолмен жүру..<br>**Қауіпсіздік ережесі**<br>**Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.**<br>Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау<br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары .**<br>Және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру.<br>Топқа келгенде айнаға қарау,шашын тарау,киімдерін ретке келтіру дағдысын қалыптастыру. Қажет болған жағдайда (терлеген,кір болған жағдайда) шкафтан киімдерін ауыстыру.<br>Балалардың бір-біріне көмектесуін мадақтап отыру. |
| **Түскі ас** | **Өзіне-өзі және достарына көмектесу, қызмет ету дағдысын қалыптастыру.**<br>Таза суды сүйемін<br>Тап-таза болып жүремін<br>Мұрын, ауыз қолымды<br>Күнде жуып жүремін<br>Асхана кезекшілері өз міндеттерін орындау.<br>2.Гигиеналық шаралардың дұрыс жүргізуін қадағалу.<br>3.Өз- өзіне дұрыс қызмет көрсету.Женін қайырып бойын түзу ұстап отыру.<br>**Тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктерін ескеру (оның ішінде олардың жекелеген азық-түлікті және тағамды ішпейтінін).**<br>Көркем сөз айту.<br>Ас ішерде күнде біз<br>Сөйлемейміз,күлмейміз<br>Астан басқа өзгені<br>Елемейміз білмейміз<br>Астарың дәмді болсын!<br>Дұрыс тамақтану ережелері :<br>1.Тамақты асықпай шайнап жеу керек.<br>2.Асты мұқият ішу керек.<br>3.Тәулік бойы тамақтану тәртібін , мөлшерін сақтау қажет.<br>Бойымыз, ойымыз өсу үшін дұрыс тамақтану тәртібін сақтау қажетпіз.<br>**Сөйлеуді дамыту.**<br>Балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**<br>Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу.<br>Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау.<br>Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау.<br>Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту.<br>Балаларды үстел басында тамақты күтіп отыруға немесе тамақтанғаннан кейін үстел басында отыруға мәжбүрлеуге болмайды. Балалар мынадай ережені білуі қажет: тамақ ішіп болғаннан кейін алғыс айту және басқалары тамақтанып болғанша ойнауына болады. |

| | |
|---|---|
| | **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** |
| **Күндізгі ұйқы** | Ұйқыға дайындықты баяу музыкамен бастауға болады, музыка ырғағымен балалар өздігінен шешінуді, жатын бөлмеге кіріп, кереуетке жатуды әдетке айналдырады. Баяу музыка белсенділікті және қозғыштықты төмендетуге, баланы тыныштандыруға әсер етеді.<br>Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру<br>Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету.<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін баяу музыка тыңдау. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>«Бір үзім нан » қазақ халық ертегісін оқып беру.<br>Танымдық әңгімелерді, сондай-ақ көлемді көркем шығармаларды оқып беруге болады<br>**Шығармашылық.Коммуникативті дағдыларды дамыту.** |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | **Біртіндеп ояту:** Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту.<br>Ұйқыдан біз тұрайық<br>Көзімізді ашайық<br>Анда-мында созылып<br>Тарқасайық, тұрайық<br>**Сөйлеуді дамыту. Көркем әдебиет**<br>**Гимнастикалық жолдан жүру**<br>Мықты болсын аяғым<br>Мықты болсын бақайым<br>Шынықтырып аяқты<br>Жаттығуды жасаймын<br>**(дене жаттығулар мен белсенділігі)**<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>**Мәдени-гиг.дағдылар:** Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (**тазалыққа баулу**). |
| **Бесін ас** | Балаларды кезекшілікпен дұрыс айналысуға ,епті қимылдауға, тарелке, қасықтарды дұрыс қоюға үйрету.<br>Гигиеналық шараларды дұрыс орындауын қадағалау. Бір- біріне кедергі жасамай мәдениетті отыруға баулу, балалардың назарын тағамға аудару.<br>**Астарың дәмді болсын!** Гигиеналық шаралар!<br>Қолдарын таза жууға , үстерін өздігінен дұрыс ұстауын қадағалау.<br>Балаларды асқа шақыру<br>Тамақтарын төкпей, шашпай қасындағы досына кедергі жасамауға үйрету.<br>Ас ішіп болғасын<br>«<br>Балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | **Үстел үсті ойыны:** Дидакткалық ойын «Қай сөзде бұл дыбыс жоқ?». Мақсаты:балаларға сөздегі бірінші дыбысты анықтау қабілеттерін дамыту. **(танымдық – зияткерлік, коммуникативтік іс-әрекет)** | **Кітаппен жұмыс** «Ертегі кітап» Мақсаты:Ертегі кейіпкерлерін дұрыс атауға дағдыландыру.Өз ойын жеткізу дағдысын қалыптастыру **(коммуникативті іс-әрекет)** **Біртұтас тәрбие** | **Үстел үсті ойыны**. «Заттарды сана» Мақсаты:балаларға отырғыштарды санауды үйрету. **(танымдық – зияткерлік, коммуникативтік іс-әрекет)** | **Үстел үсті ойыны** Дидактикалық ойын «Зат неге ұқсайды» Күтілетін нәтиже: Балалар бөлме ішіндегі заттардың қандай пішінге ұқсайтынын ажыратып айтады. **(танымдық – зияткерлік, коммуникативтік қызмет)** | **Үстел үсті ойыны** Ойын: «Суретті құрастыр» Мақсаты: Баланы бірнеше бөліктерден тұратын бір тұтас суретті құрастыра білуге үйрету . Төзімділікке бастаған істі аяқтауға тәрбиелеу **(танымдық іс-әрекет,шығармашылық )** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Серікбай Тәуекел** "оригами" үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыру. ***Шығармашылық дағды*** | **Серікова Азиза** Кеңістікте бағдарлау:оң жақ-сол жақ,жоғары-төмен бөліктерді ажырату.. ***Танымдық дағды*** | **Тугелбаев Аңсар** Тазалық дағдыларын сақтау,киімдерін реттеу,айнаға қарау,шаштарын тарау ға үйрету ***Физикалық дағды*** | **Умбеткулова Даяна** Айналадағы үлкендермен амандасу және қоштасу дағдыларын қалыптастыру. ***Қоршаған әлеммен таныстыру. Әлеуметтік-эмоционалды дағды*** | **Наурызғалиев Умар** Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау. ***Шығармашылық іс-әрекет*** |
| **Серуенге дайындық** | Серуенде ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: дұрыс тамақтану, қимылдар, ұйқы және күн, ауа мен су және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту.. **(Сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**.<br>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру.** Қоршаған ортада, табиғатта тәртіп ережелерін білу; өз өмірінің қауіпсіздігін сақтау (бейтаныс адамдармен сөйлеспеу, ойнамау, бөтен машиналарға отырмау, бейтаныс адамдардың өтініштерін орындамау, олардың соңынан ермеу).<br>**Қауіпсіздік ережесі.**<br>Қоқысты жинау,оны қоқыс жәшігіне салу, қоқыс төгетін орын мен қоқыс жиынтығы экологиялық қауіптің маңызды көзі болып табылатынына көңіл аудару.<br>**Экологиялық мәдениеттің негіздерін қалыптастыру** | | | | |
| **Серуен** | **«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»** | **«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»** | **«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»** | **«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»** | **«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» Тақия тастамақ** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **«Жаңылма»ойын** Бір топ балалар қол ұстасып дөңгелене тұрады. Бір баланы қаламақ айтып тағайындайды да, ортаға шығарады. Шыққан ойыншы өлең не тақпақ, әңгіме айтып тұрады да жата қалады, не өзінің құлағын ұстайды, бетін құбылтады (әр түрлі іс-әрекеттер жасайды). Ойыншының жасаған іс-әрекетін қайталай алмай, жаңылып қалған бала айыпты болады | **«Бестемше»** НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР Бестемше ойынында барлығы 3 ереже бар. 1.Жүріс жасау ережесі 2.Құмалақ ұту ережесі 3.Атсырау ережесі Ойын мақсаты: Өз қазанына 25-тен көп құмалақ жинау керек. Ол мақсатқа жетудің екі жолы бар. Өз қазанына әр түрлі әдіс жасап, 26 құмалақ ұтып салу Қарсыластың отауларында құмалақ қалдырмай, оның жүріс жасайтын мүмкіндігін қалдырмай, өз жағындағы құмалақтарды қазанға салу | **«Бестас»-1-2** Бірінші тәсіл: Ойыншы бес тасты еденге шашырата тастайды да, ішінен бір тасты таңдап алады. Алған тасын жоғары серпіп жіберіп, жерден бір тасты іліп алып, лақтырған тасын қайта қағып үлгерді. Жерден алған тасын жанына қойып, сол тәсілмен, екінші, сонан соң үшінші, төртінші тастарды бір-бірлеп іліп алып отырады.<br><br>Екінші тәсіл: Бес тасты еденге шаша тастап ішінен өзіне қолайлы бір тасты алады да, жоғарыдағы тәсілмен жерде жатқан тастарды екі-екіден жиып алады. | **«Бестас»-3-4** Үшінші тәсіл: Еденге бес тасты шаша тастайды да, ішінен біреуін алып, жоғары лақтырып, алдымен біреуін іліп а.лып, лақтырған тасын тосып алады, сонан соң жерде жатқан үш тасты сол тәсілмен бірден жиып алуы керек.<br><br>Төртінші тәсіл: Бес тасты қолына алады да, біреуін жоғары серпіп жіберіп, қолындағы төрт тасты жерге қойып, жоғары серпіген тасын қағып алады. Сонан соң ол тасты жоғары қарай қайта лақтырып, жерге қойған төрт тасты жинап алып, жоғары лақтырған тасты қоса қағып алады | **Мақсаты**: Балаларды жалықтырмай ойын ережесін сақтап, жылдамдыққа, шапшаңдыққа, ұйымшылдыққа баулу. Сөздік қорларын молайту. Шарты: Ойын кезінде ойын ережелерін бұзбау. Тақия тасталғанда көзді жұмып отыру керек, қарауға болмайды. Итеруге, күш көрсетулерге жол берілмейді. Ал, егер бала орнына тұрмай ұстаса немесе тақияны өзінде екенін сезбеген жағдайда, айыбы ретінде өз өнерін көрсетеді. |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әдебиет, дербес ойын әрекеті).** Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру.<br>**(Сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).Көркем әдебиет, дербес ойын әрекеті.** | | | | |
| **Кешкі ас** | Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (қимылдық ұлттық, сюжеттік-рөлдік, үстел үсті-баспа, тағы басқа ойындар, кітап оқу, бейнелеу)** | **«Жаңа жыл қарсаңында»сюжеттік суреттер пайдалану арқылы педагогикалық жағдаят**<br>Мақсаты: балалардың назарын құрдасының эмоционалды көңіл-күйіне аудару, құрдасын жұбатуға баулу.<br>Балабақша жаңа жыл мерекесіне дайындалуда. Балалар шыршаны безендіріп, оған қолдан жасалған ойыншықтарды іліп жатыр. Шетте бір бала, оларға мұңайып қарап тұр. | | | | |

| | |
|---|---|
| | Тәрбиешінің сұрақтары: «Балалар көңілді деп ойлайсыңдар ма?»; «Неліктен балалар көңілді?»; «Барлық балалар көңілді ме?»; «Мына бала неге мұңайып тұр?»; «Оған қалай көмектесуге болады?».<br>*Сюжетті дамыту:* а) шыршаны безендіріп жатқан бала мұңайып тұрған балаға бір қолшам береді; б) қыз бала мұңайып тұрған балаға қолшамды қалай жасау керектігін түсіндіреді.<br>**Шығармашылық:**балалар мұңайып тұрған балаға Жаңа жылдық ойыншық немесе сыйлықтың суретін салып береді, қағазды бүктеу арқылы жасауға болады<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру.Балаларды** адамгершілік құндылықтарға, өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге, өзінің іс-әрекетіне басқалар пікірін білдірген жағдайда ол пікірді дұрыс қабылдауға үйрету<br>**Көркем әдебиет.**<br>**Шырша**<br>Жасыл шырша төрдегі<br>Дейді: «Бәрің көр мені!»<br>Кеткен әсем құлпырып,<br>Ойыншықтар тұр тұнып.<br>Түрлі түсті шамдары –<br>Түнде ғажап жанғаны.<br>Көргендерді елітеді<br>Керемет бір ертегі. *Е. Ерботин*<br>**Сөйлеуді дамыту.Танымдық-зерттеушілік іс-әрекет.Шығармашылық**<br>**«Адалдық әліппесі»** |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Балалардан бүгінгі күннің қалай өткені туралы, баланың жетістіктері қандай болғаны туралы сөйлесу, ата-ананың білуі тиіс ақпаратты мерзімінде беру, баланың алдымен жетістіктеріне тоқтала отырып, айту ұсынылады<br>Қарапайымдылыққа, мейірімділікке және әділдікке, ересектерге құрмет көрсетуге, кішілерге көмектесуге тәрбиелеу. Жағымсыз қылықтары үшін ұятты сезіне білуге, ренжіткені үшін құрдасынан кешірім сұрауға баулу..<br>**Өнегелі 15 минут**<br>**Ата-анаға кеңес** : қыс мезгілі болғандықтан,тұмаудың және жедел-созылмалы аурулардан сақтану үшін балалардың иммунитетін көтеру,дәрумендерді көбірек<br>беріп, дұрыс тамақтану ды қадағалау жөнінде кеңес беру. |

## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

**Желтоқсан айы 2025 жыл 5 апта**

**Желтоқсан-Бірлік және ынтымақ айы.**

- Отбасында, балабақшада қауіпсіз мінез-құлық нормаларын білу
- Басқа балалармен сөйлесуге және олармен ортақ тіл табуға дайын болу
- Ойы мен сезімдерін білдіре алу қабілетінің болуы

**«Бірлік болмай-тірлік болмас»**

Топ: «Самұрық» ересек топ

Тәрбиешісі:Рахатова А.Б

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 29.12.2025ж | Сейсенбі 30.12.2025 ж | Сәрсенбі 31.12.2025ж | Бейсенбі 01.01.2026ж | Жұма 02.01.2026 ж |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы:жақсы көңіл-күйде қарсы алу. Тәрбиеленушілерді таңертең қабылдағанда ата-аналардан тәрбиеленушінің көңіл-күйі туралы сұрау және оның денсаулық жағдайын қарау жүзеге асырылуы қажет. Тәрбиеленушінің ауырып тұрғаны байқалса балабақшаға жіберу туралы шешім қабылдау үшін медициналық қызметкердің карауына жіберіледі.<br>«Ауа-райы қандай?» дидактикалық ойын<br>Мақсаты: «Ауа-райы» (қарлы, аязды, суық, күншуақты, желді) сөзінің анықтамасын таңдауға үйрету<br>Міндеттері: қарым - қатынас дағдысын жетілдіру.<br>**Сөйлеуді дамыту - Коммуникативтік дағды.**<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру- Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру**<br>**Өнегелі-15 минут**<br>**«Бірлік болмай-тірлік болмас»**<br>Мақалды жаттау,мағынасын түсіну.<br>- **«Табиғат бұрышында» еңбек**:бірлесе еңбектену, өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес күтім жасау әдістерін білу: оларды суару, түбін қопсыту, бір-біріне көмектесу және нәтижесіне бірге қуану-бірлесе еңбектене алған жағдайда болатынын түсіндіру.<br>**Қауіпсіздік ережесі**.<br>**«Адал азамат»біртұтас тәрбие бағдарламасы.**<br>**Күй күмбірі «Қос алқа » күйі**<br>**Сөйлеуді дамыту, коммуникативтік дағды**<br>**Өнегелі-15 минут** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | **Ата-аналарға кеңес.**<br>Туыстық байланыстарды түсіну (өз жұрты, атасы мен әжесі, жақын туыстары, нағашы жұрты), өзінің жеті атасын білу. Үйде отбасы мүшелеріне қамқорлық жасау, үлкендерді сыйлау, кішіге ізет көрсету, үй шаруасына көмектесу, отбасы мүшелеріне жақсы көретінін білдіру, алғыс айту, сыпайы сөйлеу жөнінде кеңес беру<br>**Өнегелі-15 минут** | | | | |
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек,** | **«Дұрыс сатып ал!»**<br>Барысы:.балалар Теңгетаймен дүкенге баруға дайындалады. | **«Менің анам мен әкемнің есімдері»**<br>Шеңбер бойымен допты немесе ойыншықты бір- | **«Билайн орталығында» сюжетті - рөлдік ойыны**<br>Мақсаты: Балаларға рөлдерді өз беттерімен бөлуді және өзіне | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары** | Қолдарында -20 теңге,<br>Алма-20 теңге,<br>шар-10 теңге,<br>қарындаш-10 теңге болған жағдайда өздеріне қажеттіні ойланып сатып алу керектігі ескертіледі.<br>**Қаржылық сауаттылық** | біріне беріп, балалар ата-анасының атын атайды. Ойын жеке тұлға мен оның отбасы арасындағы байланысты нығайтуға ықпал етеді, есте сақтауды дамытады және есімнің қоғамдағы маңызы туралы түсініктерін кеңейтеді.<br>**Құқықтық сауаттылық** | бөлінген рөл бойынша әрекет етуді үйрету..<br>Атрибуттар: Ұялы телефондар, компьютерлер, бланкілер, қызметкерлерге арналған бейджер, терминал<br>Абонент: Сәлеметсіз бе?!<br>Менеджер: Сәлеметсіз бе?! Билайн орталығына қош келдіңіздер! Қандай көмек керек?<br>А: Мен телефон сатып алайын деп едім.<br>М: Қандай телефон керек?...<br>**Ерте кәсіптік бағыт беру.** | | |
| **Ертеңгілік жаттығу** | **«Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату,бірге орындау,жаттату**<br>**Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту Жаттығу :шығыршықпен**<br>1. «Шығыршыққа қара» жаттығуы. Б.қ.- аяқты сәл алшақ қойып, шығыршықты иық тұсында ұстап тұру.1- шығыршықты жоғары көтеру,<br>шығыршыққа қарау. 2- б. қ-6-8 рет.<br>2. «Шығыршыққа үрле» жаттығуы. Б.қ.- аяқты аяқты иық деңгейінмен бірдей қойып, шығыршықты кеуде тұсында ұстап тұру.1- алға қарай иілу, демді ішке тарту.<br>2- шығыршықты бетке тақап, үрлеу. 3- б.қ.-6-8 рет<br>3. «Шығыршықты иықтың артына қой» жаттығуы. Б.қ.- аяқты сәл алшақ қойып, шығыршықты төмен түсіріп ұстап тұру.1- шығыршықты жоғары көтеру. 2-иықтың<br>арт жағында ұстау, 3- шығыршықты жоғары көтеру. 4 - б.қ.-6-8 рет<br>4. «Оңға, солға» жаттығуы. Б.қ.- тізерлеп шығыршықты жоғары көтеріп тұру. 1- еденге оң жағымен отыру. 2-шығыршықты иық тұсына қою. 3-4- б.қ.-6-8 рет<br>5. «Бұрылу» жаттығуы. Б.қ.- шығыршық ішінде аяқты<br>бүгіп, арттан тіреліп отыру.1- аяқты алға созу. 2-б.қ. 2 рет. Бөкседе отырып, оңға 90гр., 180 гр. Бұрылу-6-8 рет<br>6. «Шығыршықты көтер» жаттығуы. Б.қ.- н.т., шығыршық еденде жатыр.1-алға иіліп, шығыршықты алып, жоғары көтеру. 2-б.қ. 3-алға иіліп, шығыршықты алып, жоғары көтеріп оң аяқтың ұшын артқа созып,<br>еденге қою. 4-б.қ.-6-8 рет<br>7. «Шығыршықпен жүр» жаттығуы. Б.қ.- н.т.,<br>шығыршықтың жиегіне башпайларын өкшеге қарай бүгіп тұру. Осы қалыпта шығыршықтың қырымен жүру<br>**Ертеңгілік жаттығудың денсаулыққа пайдасы туралы түсінік қалыптастыру, таңертеңгі жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру**<br>**Салауатты өмір салтын қалыптастыру** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Таңғы ас** | Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау,<br>**Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.**<br>Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>Балаларды кезекшілікке жауапкершілікпен қарауға,үлкендерге көмектесуге баулу;<br>Асхана және табиғат бұрышы бойынша міндеттермен байланысты тапсырмаларды орындау кезінде балалар ас блогына тек қана ересекпен бірге бара алады; балалардың ыстық тамақты, суды және басқа да ыстық заттарды алып жүруіне қатаң тыйым салынады.<br>Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: дұрыс тамақтану, қимылдар, ұйқы және күн, ауа мен су және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту<br>**Салауатты өмір салтын қалыптастыру**<br>Астарың дәмді болсын!<br>Астан кейін беті-қолын жуып, сүртінуге дағдыландыру, тазалыққа баулу<br>**Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**<br>Топта тазалық сақтауға, кезекшілік міндеттерін жауапкершілікпен атқаруға баулу<br>**Сөйлеуді дамыту Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті,**<br>**«Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру<br>Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері<br>**Төтенше жағдай дегеніміз не?**<br>Төтенше жағдайлар -өрт, жер сілкінісі, су тасқыны сияқты кенеттен ,төтенше болған табиғи апат ТЖ болған кезде үрейленбеу керек.<br>Жер сілкінісі болған кезде-терезелерге жақындауға болмайды!<br>-үстелдің астына отырып,қолмен басты жабу керек<br>-Биік шкафтарға жақындамау<br>**Қауіпсіздік ережесі.** | | | | |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | **Дене тәрбиесі** Жоспары денешынықтыру нұсқаушысында | **Музыка**<br>Жоспары ән-күй маманында | **Дене тәрбиесі** Жоспары денешынықтыру нұсқаушысында | | |
| *Кіріктірілген ҰІӘ* | **"Кім қайда тұрады?"**<br>**- Міндеті:**<br>Жануарлардың мекендерін дұрыс айту және түсіну.<br>**- Ойын барысы:**<br>Балаларға жануарлардың суреттері немесе | **«Қарсы сөздерді үйренеміз"**<br>**- Міндеті:** Қарсы мәндес сөздерді үйрену және оларды қолдану.<br>**- Ойын барысы:** | **"Табиғатпен танысайық"**<br>Міндеті: Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, жаңбыр, тұман, қар, бұршақ, кемпірқосақ, боран) кеңейту | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ойыншықтары беріледі, және олар қайда тұратыны түсіндіріледі. Мысалы,<br>-Аю-апанда,<br>-Тышқан –інде<br>-Қоян орманда тұрады,<br>-Балық суда жүзеді.<br>Балалар осы жануарларды өз орындарына орналастырады, сөйлем құрайды.<br>**Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет,қоршаған әлеммен таныстыру іс- әрекеті** | Балаларға қарама-қарсы сипаттағы заттар немесе суреттер көрсетіледі.<br>Мысалы, үлкен-кіші, биік- аласа, жылы-суық.<br>Балаларға мысал келтіріледі: "Бұл – үлкен аю, ал мынау – кішкентай аю".<br>Балалар заттарды атап, олардың айырмашылығын түсіндіреді.<br>**Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет,қоршаған әлеммен таныстыру іс-<br>әрекеті** | Ойын барысы: Тәрбиеші балаларға суреттерді көрсетеді: жел, жаңбыр, тұман, қар, бұршақ, кемпірқосақ, боран қалай болатынын айтады. Балаларға табиғат құбылыстарын сипаттау және олардың атауларын қайталау ұсынылады. Мысалы,<br>"Жел соғады,<br>Қар қыста жауады". Т.с.<br>**Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет,қоршаған әлеммен таныстыру іс- әрекеті** | | |
| **Серуенге дайындық** | **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**<br>Балалардың жеке гигиена талаптарын сақтауын бақылауды қамтамасыз ету (лас заттарды ұстауға, қарды, мұзды ауызға салуға, бір-біріне құм немесе топырақ лақтыруға тыйым салынады).<br>Қыс мезгілі болғандықтан,сырғанақта құлап қалу қаупі жоғары екенін ескерту, тербелу, өрмелеу, биіктіктен секіруге рұқсат етілмейтінін ескерту.<br>Қыс мезгілінде мұзды жолдармен сырғанауға, шанамен сырғанауға тек тәрбиеші рұқсат берген орында ғана болатынын ескерту.<br>Серуен барысында шатыр және ғимаратқа өте жақын жүрмеу,ойнамау қажет<br>Қоршаған ортада, табиғатта тәртіп ережелерін білу; өз өмірінің қауіпсіздігін сақтау (бейтаныс адамдармен сөйлеспеу, ойнамау, бөтен машиналарға отырмау, бейтаныс адамдардың өтініштерін орындамау, олардың соңынан ермеу).<br>**Қауіпсіздік ережесі. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы**<br>Қоғамдық орындарда мінез-құлық ережелері туралы; үйдегі, балабақша тобындағы міндеттері туралы түсініктерін кеңейту<br>**Желтоқсан-Бірлік және ынтымақ айы.**<br>Серуен барысында және барлық іс-әрекет кезінде бір-біріне көмектесу,достық қолын созу керектігін ескерту.<br>Бірі-бірімен достық қарым –қатынас жасап,бірге ойнау,бір-бірін ренжітпеу керектігін ескерту | | | | |
| **Серуен** | **Қырауды бақылау**<br>Мақсаты:балаларға қыраудың қалай болатынын айтып кету. Қырау түскен ағаштарды бақылау. Темір затқа үрлеп көрейік. Оған | **Аула сыпырушы еңбегімен танысу**<br>Мақсаты: аула сыпырушының қыс кезіндегі еңбегі,оның жұмысы туралы балалардын түсінігін | **Мұз сүңгісін бақылау**<br>Мақсаты: балаларға мұздың қасиеті туралы мол түсінік беру. Байқағыштық қасиетті қалыптастырып, іске | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қырау түсті, біздің буымыз суықтан қырауға айналды. Сонымен қырау -бұл кәдімгі бу, ол әйнек шынысына, ағаш бұтақтарында, бұтақтарында, басқа заттарда қатып, қырауға айналған. Қырау әдетте күннің ашығында пайда болады.<br>**Жеке жұмыс**<br>Жұмбақ<br>Қант сияқты ақ,<br>Ұлпа боп жерде жатады.<br>(қар) **Қимылды ойын: «Суықторғайлар»**<br>Мақсаты:қимылды Жаттығуларды жасауды үйрету, тапқырлық таныта білу.<br>**Еңбек:** бір- біріне кедергі жасамай, жұмыс істеуге үйрету.<br>**Қарым- қатынас іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет,физикалық дағды** | толықтыру.<br>Бағбандардың еңбегін бағалап, құрметтеуге тәрбиелеу.<br>Тапсырма: «Ауланы тазалаушының еңбегін қалай жеңілдетсем» деген тақырыпқа шағын әңгіме құрастыру.<br>**Тақпақ:**<br>Қолынакиіп қолғапты,<br>Ауланы ағай сыпырды.<br>Тазалап қарды мұздарды,<br>Бәрімізге олжол ашты.<br>**Қимылды ойын: «Сауықшылар»(қысқы спорт ойындары**.)<br>**Жеке жұмыс**: «Кім алысқа секіреді?»<br>Жүгіріп келіп ұзындыққа секіру.<br>Жаңылтпаштар:<br>Қаңтар айы болды,<br>күн суытты<br>Қалың қар жауды,<br>боран соқты.<br>Жапалақтап ақ қар жауды<br>**Еңбек**: аула сыпырушыға балабақшаның ауласын сыпыруға,қар тазалауға көмектесу<br>**Қарым- қатынас іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет,физикалық дағды** | баға беріп, қортынды жасай білуге үйрету.<br>Сұрақтар:<br>Сүңгі мұз жөнінде не айтуға болады?<br>Ол қандай? (Сәбіз сияқты)<br>Сүңгі мұз қай жерде, пайда болады?<br>Күнгей жақта ма, әлде<br>көлеңке жақта ма?<br>**Жеке жұмыс**<br>Тақпақ :<br>Көл бетінде жатыр айдын-мұзойнақ,<br>Қыстың өзі жасағандай бізді ойлап,<br>Шаңғы теуіп жарысамыз желменен,<br>Күнде осында қызықтаймыз біз ойнап. *Мұзафар Әлімбаев*<br>**Қимылды ойын: «Үйсіз қалған қоян»**<br>Мақсаты: ойынның тәртібін сақтай отырып, секіріп алға жүгіру.<br>**Еңбек:** «Мұз жерлерге құм себу»<br>**Қарым- қатынас іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет,физикалық дағды** | | |
| **Серуеннен оралу** | Балабақша ауласында, жақын маңдағы шағын ауданда еркін бағдарлай білуге баулу,серуеннен оралу барысында саппен қол ұстасып,топ бөлмесіне бақшаның оң жақ немесе сол жағынан жүріп үйрету. | | | | |

| | |
|---|---|
| | Балаға серуеннен рұқсатсыз топ бөлмесіне не сыртқа кетіп қалуға болмайтынын ескерту.<br>Сырғанақ,қабыршақты мұз жолдарымен жүрмей,тәрбиеші қадағалауымен таза жолмен жүру..<br>**Қауіпсіздік ережесі**<br>**Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.**<br>Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау<br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары .**<br>Және кииіне күтім жасау дағдыларын жетілдіру.<br>Топқа келгенде айнаға қарау,шашын тарау,киімдерін ретке келтіру дағдысын қалыптастыру. Қажет болған жағдайда (терлеген,кір болған жағдайда) шкафтан киімдерін ауыстыру.<br>Балалардың бір-біріне көмектесуін мадақтап отыру. |
| **Түскі ас** | **Өзіне-өзі және достарына көмектесу, қызмет ету дағдысын қалыптастыру.**<br>Таза суды сүйемін<br>Тап-таза болып жүремін<br>Мұрын, ауыз қолымды<br>Күнде жуып жүремін<br>Асхана кезекшілері өз міндеттерін орындау.<br>*Асхана және табиғат бұрышы бойынша міндеттермен байланысты тапсырмаларды орындау кезінде балалар ас блогына тек қана ересекпен бірге бара алады; балалардың ыстық тамақты, суды және басқа да ыстық заттарды алып жүруіне қатаң тыйым салынатынын ескерту.* ***Қауіпсіздік ережесі***<br>2.Гигиеналық шаралардың дұрыс жүргізуін қадағалау.<br>3.Өз- өзіне дұрыс қызмет көрсету.Жеңін қайырып бойын түзу ұстап отыру.<br>**Тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктерін ескеру (оның ішінде олардың жекелеген азық-түлікті және тағамды ішпейтінің).**<br>Көркем сөз айту.<br>Ас ішерде күнде біз<br>Сөйлемейміз,күлмейміз<br>Астан басқа өзгені<br>Елемейміз білмейміз<br>Астарың дәмді болсын!<br>Дұрыс тамақтану ережелері :<br>**Сөйлеуді дамыту.**<br>Балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**<br>Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу.<br>Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау.<br>Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау.<br>Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту.<br>*Тамақтанып болғаннан кейін тәрбиеленушілердің ауызды шаюын ұйымдастыру керек. Балаларға аузындағы тамақ, сағыз, кәмпиттер және т.б. ұйықтауға жол бермеу,* ***Қауіпсіздік ережесі***<br>Балаларды үстел басында тамақты күтіп отыруға немесе тамақтанғаннан кейін үстел басында отыруға мәжбүрлеуге болмайды. Балалар мынадай ережені білуі қажет: тамақ ішіп болғаннан кейін алғыс айту және басқалары тамақтанып болғанша ойнауына болады. |

| | |
|---|---|
| | **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** |
| **Күндізгі ұйқы** | Ұйқыға дайындықты баяу музыкамен бастауға болады, музыка ырғағымен балалар өздігінен шешінуді, жатын бөлмеге кіріп, кереуетке жатуды әдетке айналдырады. Баяу музыка белсенділікті және қозғыштықты төмендетуге, баланы тыныштандыруға әсер етеді.<br>Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру<br>Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету.<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін баяу музыка тыңдау. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>«Жыл басына таласқан жануарлар » қазақ халық ертегісін оқып беру.<br>Танымдық әнгімелерді, сондай-ақ көлемді көркем шығармаларды оқып беруге болады<br>**Шығармашылық.Коммуникативті дағдыларды дамыту.** |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | **Біртіндеп ояту:** Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту.<br>Аунап, қунап алайық<br>Бойымызды жазайық,<br>Қолымызды созайық,<br>Жаттығулар жасайық :<br>*«Ұшақ»: қолды екі жаққа, алақандарыңды жоғары қою.*<br>*Басты жоғары көтеру- дем алу.*<br>*«Жжж...» (дем шығару) деп айта отырып, жан- жаққа бұрылыс жасау, тік тұру, қолды жіберу, пауза.*<br>*Мұрынмен дем алу, ауызда «түтікшелеп» дыбыспен бір уақытта ұзақ дем шығару. 2-4 рет қайталау.*<br>**Сөйлеуді дамыту. Көркем әдебиет**<br>**Гимнастикалық жолдан жүру**<br>Журеміз күнде біз,<br>Сауықшыл ізіміз<br>Шынығып табаным,<br>Желаяқ боламын<br>**(дене жаттығулар мен белсенділігі)**<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>**Мәдени-гиг.дағдылар:** Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (**тазалыққа баулу**). |
| **Бесін ас** | Балаларды кезекшілікпен дұрыс айналысуға ,епті қимылдауға, тарелке, қасықтарды дұрыс қоюға үйрету.<br>Гигиеналық шараларды дұрыс орындауын қадағалау. Бір- біріне кедергі жасамай мәдениетті отыруға баулу, балалардың назарын тағамға аудару.<br>**Астарың дәмді болсын!** Гигиеналық шаралар!<br>Қолдарын таза жууға , үстерін өздігінен дұрыс ұстауын қадағалау.<br>Балаларды асқа шақыру<br>Тамақтарын төкпей, шашпай қасындағы досына кедергі жасамауға үйрету.<br>Ас ішіп болғасын<br>« |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | **Үстел үсті ойыны: Не естіледі?** Балалар көздерін жұмып, педагогке арқасымен қарап, шеңбер құрып немесе еденде отырады. Педагог балаларға таныс түрлі ойыншықтар, аспап, затпен (қоңырау, сылдырмақ, барабан т.б.) дыбыс шығарып, «не естіледі?» деп сұрақ қояды. Балалар қандай заттың: ойыншық, аспап, затпен (қоңырау, сылдырмақ, барабан т.б.) дыбыс шығарғанын атайды **танымдық – зияткерлік, коммуникативтік іс-әрекет** | **«Жыл мезгілдері»** – Мақсаты: Жыл Мезгілдерінің ерекшеліктерін сурет арқылы көрсету. Кітаптар қарау Қажетті материалдар: Түрлі-түсті қағаз, бояулар, қарындаштар, желім. Ойын барысы: Балаларға әрбір жыл мезгілінің (көктем, жаз, күз, қыс) белгілерін сипаттап беріңіз. Содан кейін, әр бала өз таңдаған мезгілінің ерекшеліктерін суретке салады (гүлдер, жапырақтар, қар, күннің жылуы). Суреттерін талқылап, жыл мезгілдерінің айырмашылықтарын бірге талдайды **Кітап қарау** | **«Көршіңе бер»** Балалар бір-бірінен бір адым қашықтықта тұрады. Ойын жүргізуші шеңбердің сыртында. Ойыншылар затты, допты біресе оңға, біресе солға қарай бір-біріне береді. Ойын жүргізушінің мақсаты – бір-біріне беретін затқа, допқа қол тигізу. Егер ойын жүргізуші затқа, допқа қол тигізсе, онда затты беріп жатқан бала -Ойын жүргізуші болады **Аз қимылды ойын** | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Болат Таир** «Санның көршісі»сандар тізбегінен санның оң жақ және сол жақ көршісін табу ***Танымдық дағды*** | **Ғабит Ақниет** Жыл мезгілдері,қыс мезгілі туралы кітаптар қарау,қызықтыру. ***Қоршаған әлеммен таныстыру. Әлеуметтік-эмоционалды дағды*** | **Кәрібаева Ару** кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру. ***Коммуникативті дағды*** | | |
| **Серуенге дайындық** | Серуенде ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: дұрыс тамақтану, қимылдар, ұйқы және күн, ауа мен су және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту.. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру.** Қоршаған ортада, табиғатта тәртіп ережелерін білу; өз өмірінің қауіпсіздігін сақтау (бейтаныс адамдармен сөйлеспеу, ойнамау, бөтен машиналарға отырмау, бейтаныс адамдардың өтініштерін орындамау, олардың соңынан ермеу).<br>**Қауіпсіздік ережесі.**<br>Қоқысты жинау,оны қоқыс жәшігіне салу, қоқыс төгетін орын мен қоқыс жиынтығы экологиялық қауіптің маңызды көзі болып табылатынына көңіл аудару.<br>**Экологиялық мәдениеттің негіздерін қалыптастыру** | | | | |
| **Серуен** | **«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»**<br>**Табан мен шортан**<br><br>Ойын ойнаушылар «тастар» және «шортандар» болып, екі топқа бөлінеді. «Тастар» шеңбер құрып, дөңгелене тұрады, ал «табандар» шеңбер ішінде жүзіп жүреді. Бір бала «шортан» болып сайланып, ол шеңбердің сыртында болады. Педагогтің «Шортан!» деген белгісі бойынша «шортан» жылдам шеңберге кіріп, «табандарды» ұстап алуға әрекет жасайды. «Табандар» шеңбер жасап тұрған тастардың артына тығылып отырады. «Шортан» тығылып үлгермеген «табандары» ұстайды. Ұсталған «табандар» шеңбердің сыртына шығып тұрады. | **«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»**<br>**Бәйге**<br><br>Ойын ойнаушылар бір-біріне кедергі жасамайтындай жұптасып (ат, атбегі немесе шабандоз) мәре сызығына тұрады. Бірінші ойыншы – «ат» қолын артқа қарай созып, ал екінші ойыншы – атбегі оның қолынан ұстап тұрады. Осылайша екеуі жұптасып жүгіреді. Бірінші келген атбегі ілулі тұрған оюлы орамалды секіріп алуы керек. Ойын ережесі: жарыс тек белгі бойынша басталады. Орамалды атбегі ғана алады | **«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»**<br>**Бос орын**<br><br>Ойыншылар дөңгелене тұрып, қолдарын белге қойып (терезе тәріздес ) тұрады. Бастаушы сайланып, ол шеңберді сыртынан айнала жүріп:<br>– Үйді айнала жүремін,<br>Терезеден қараймын<br>Бір терезеге барып<br>Ақырын ғана<br>Терезені қағамын, – деп тоқтап, қарсы тоқтаған терезеге үңіле қарап терезені қағып: «Тырс, тырс,тырс», – дейді. Алдында тұрған бала:<br>– Кім келген? – дейді.<br>Бастаушы өзінің атын айтады.<br>– Неменеге келдің?<br>– Жарысайық, – дейді. Содан соң екеуі екі жаққа ойыншыларды айнала жүгіреді. Кім бірінші келіп орынға тұрса, сол шеңберде қалады, ал орынсыз қалған бастаушы болып ойын | | |

| | |
|---|---|
| | жалғасады |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлендер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әдебиет, дербес ойын әрекеті).** Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. **(Сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).Көркем әдебиет, дербес ойын әрекеті.** |
| **Кешкі ас** | Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** |
| **Балалардың дербес әрекеті (қимылдық ұлттық, сюжеттік-рөлдік, үстел үсті-баспа, тағы басқа ойындар, кітап оқу, бейнелеу)** | **«Көңілді хоровод»**<br>сюжеттік суреттер қолдана отырып,педагогикалық жағдаяттарды түсіндіру.<br>*Мақсаты:* досының эмоционалды жағдайын байқауға үйрету, досына көмектесуге деген тілегін қолдау. Балаларға құрдастарының бірі ренжіген жағдайда оны назардан тыс қалдыруға болмайтынын, ортақ әрекетке тарту керектігін түсіндіру.<br>Балалар топ бөлмесінде хоровод ойнап жатыр, тек бір бала оларға қосылмай, шетте тосырқап, қарап тұр.<br>Педагог балаларға сұрақ қояды: неліктен бала ойынға қосылмай, ренжіп тұр?<br>Балалар жауап бере отырып, өз пікірлерін айта алады: ол бала бәріне кедергі келтірген шығар, сондықтан оны жазалап, ойыннан шығарды. Иә, бұл бала жағымсыз мінез-құлық танытқаны үшін өзі кінәлі шығар дей отырып, балалардың мұндай пікірлеріне педагог назар аудару қажет, мүмкін балалар оны ойынға шақырмаған соң ренжіп тұрған шығар.<br>*Сюжетті дамыту:* а) балалар ойындарын тоқтатып, баланы ойынға шақырады; б) бала ойынға қосылды, оның көңіл-күйі көтерілді<br>**Шығармашылық:балалар** бірлесе,топпен шырша суретін салады,ойыншықтарын салып безендіреді.<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру.** Шырша ,арша секілді қылқан жапырақты өсімдіктермен танысу<br>**Көркем әдебиет. Қыс.**<br>Менің барлық тілегім,<br>Елім аман болсын дер едім.<br>Аппақ қардай ақ мамық,<br>Менің бала жүрегім.<br>Қарашы, әне, қалаға,<br>Қарға бүккен айнала<br>Үйде отырмай достарым.<br>Жүр шығайық далаға.<br>Қардың үсті таптала<br>Келе жатыр көп бала,<br>Қар үстінде күресіп,<br>Жасайды олар аққала! *Сагымбекова Жанагуль*<br>**Сөйлеуді дамыту.Танымдық-зерттеушілік іс-әрекет.Шығармашылық**<br>**«Адалдық әліппесі»** |
| **Балалардың үйге қайтуы** | **Өнегелі 15 минут**<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз<br>**Ата-анаға кеңес** : алдағы мереке күндерінде жанғыш не жарылғыш заттарды балаларға бермеу,қадағалау,қауіпсіздік шараларын |

| | |
|---|---|
| | ескерту .Шанамен сырғанау ,сырғанақ тебуге тек өздерімен,ата-аналарымен бірге бару керектігін ескерту.<br>**Қауіпсіздік ережесі**. |